



## КӨРКЕМ ГИМНАСТИКАНЫ ДАМУ ТУРАСЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан гимнастика федерациясының президенті Әлия Юсупованы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Әлия Юсупованы Қазақстан гимнастика федерациясының президенті болып қайта сайлануымен құттықтады.

Кездесуде елімізде көркем гимнастиканы дамыту перспективасы талқыланды. Президентке федерацияның қазіргі жұмысы мен алдағы жоспары туралы ақпарат берілді. Әлия Юсупова спорт саласындағы кейбір өзекті проблемаларға қатысты

бірқатар ұсынысын жеткізді. Федерация басшысының айтуынша, балаларды гимнастикаға ерте жастан баулу үшін кешенді жұмыс атқарылуы керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев сала инфрақұрылымын дамыту және жаттықтырушыларды даярлау ісінде Туризм және спорт министрлігімен тығыз қарым-қатынас орнату қажет екенін айтты.

## «АЛТЫН ТҰҒЫР – 2024» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Елордада «АМАНАТ» партиясының қолдауымен Ұлттық спорт қауымдастығы ұйымдастырған «Алтын тұғыр – 2024» ұлттық спорт түрлері бойынша жылдың үздік спортшыларын марапаттау рәсімі өтті. Іс-шараға Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, Президент кеңесшісі – Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Уәли, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов және тағы басқалар қатысты.



→ 3



## АРДЫҢ ЖОЛЫ – АРПАЛЫС


«Сіз маған ізгілікке қалай сенсеңіз, зұлымдыққа да солай сеніңіз депсіз. Құрбым-ау, олардың өмірде бар екенін мойындау сенім емес қой. Сенім деген сол – екеудің біреуінің адам үшін қымбат екенін, артық екенін мойындау. Достоевский: «Сенім жоқ жерде ізгілік те жоқ», – дейді. Сонда бұл қандай сенім? Ізгіліктің болмыста бар екеніне ғана сену ме? Жоқ, бұл – ізгіліктің жеңісіне деген сенім. Ізгілікке сенім артпаған адам ешқашан да жақсылық жасай алмайды».

→10

## РОБОТОТЕХНИКА – БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бүгінде роботтар өмірімізге дендеп еніп, барлық салада құлтемірлердің көмегіне жүгінетін деңгейге жеттік. Ал сарапшылар алдағы 20 жылда адам істейтін жұмыстың тең жартысын роботтар атқаруы мүмкін дейді. Тіпті, өркениет кеш жететін ауылдарда да шопандар робот-дрондардың көмегімен мал бақса, диқандар егіндіктерін қадағалап отыр. Қысқасы, біздің заманымыз – робототехника заманы. Ендеше бұл саланың мүмкіншілігі қандай, елімізде қалай дамып жатыр?

→ 12



## ЕСІРТКІСІЗ ЕЛОРДА

Астананың белсенді жастары осы уақытқа дейін 2 000-нан астам еліткіш заттардың жарнамасын жойып, 200-ге жуық сайтты бұғаттауға қолғабыс жасаған.



→ 6

## БУРАБАЙҒА ЖЕТУ ЖЕҢІЛДЕЙ ТҮСТІ

Туризмді дамыту – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Ел экономикасының тұрақты өсімін қамтамасыз ету үшін бұл салаға ерекше назар аударылып келеді.



→ 16



## АҚПАРАТ

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБИ



## ГЕНДЕРЛІК ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың қатысуымен палата жанындағы сарапшылар клубының кезекті отырысы өтті. Іс-шара барысында гендерлік даму мәселелері талқыланып, кедергілерді еңсеру және әйелдердің әлеуетін жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар айтылды. Сондай-ақ сарапшылар аталған мәселеге қатысты қолға алынған эксклюзивті зерттеулерге назар аударды. Ал шақырылған меймандар бизнес, қаржы, саясат және әйелдер құқығын қорғау салалары бойынша өз жұмыстары және озық тәжірибелері туралы сөз қозғады.

Сенат Төрағасы отырысқа қатысушыларға ілтипат білдіре келіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев гендерлік дамуға және әйелдердің әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасауға баса мән беріп отырғанын атап өтті. Сондай-ақ ол кездесудің күн тәртібіндегі мәселенің маңыздына назар аударып, бұл биылғы қазан айында Қазақстандағы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету тақырыбына арналып, өткізілген орнықты даму саласындағы ұлттық мақсат-міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссия отырысының лайықты жалғасы екенін айтты.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев статистикалық мәліметтерге тоқталды. Соған сәйкес, қазір елдегі халықтың едәуір бөлігін әйелдер құрайды. Нақты айтқанда, Қазақстанда әйел адамдар саны 10 миллионнан асады немесе 51 пайыздан астам. Сондықтан олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтарын қорғау және әлеуетін толық іске асыруға қажетті жағдай жасау елдің дамуы жолындағы маңызды қадам саналады.

«Қазір экономикалық секторда әйелдердің әлеуеті жеткілікті деңгейде емес. Ауылдық жерлердегі әйелдердің экономикалық белсенділігі де әлі төмен. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық та маңызды мәселе болып қалып отыр. Сондықтан Мемлекет басшысының бастамасымен Әйелдердің құқықтарын және балалардың қауіпсіздігін қорғау туралы заң қабылданды. Бұл осы саладағы жағдайды өзгерту жолындағы маңызды қадам екені анық. Сондай-ақ алимент төлеуге қатысты айтарлықтай проблемалар бар. Соның салдарынан жүздеген мың бала қажетті қаржылық қолдауды ала алмай отыр деуге толық негіз бар. Сол себепті біз

бүгінде осы мәселелерді қамтитын тиісті заң жобасымен жұмыс істеп жатырмыз», — деп Мәулен Әшімбаев палатаның бұл бағыттағы заңнамалық қызметі туралы айтып өтті.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы депутаттардың, мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғамның үйлесімді жұмысы әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық, кемсітушілік және қоғамдағы стереотиптерді жою сияқты олардың әлеуетін іске асыруға тұсау болатын кедергілерді еңсеруді талап ететініне тоқталды.

«Әйелдердің экономикалық және саяси өмірге белсенді қатысуына кедергі келтіретін негізгі себептердің бірі олардың қоғамдағы ролі туралы қалыптасқан дәстүрлі идеялар мен стереотиптер болып отыр. Осы мәселе туралы байыпты ойланып, мұндай таптаурын қағиданы өзгерту үшін барлық деңгейде белсенді жұмыс жүргізу қажет. Осындай стереотиптермен, әсіресе әйелдерге қатысты қасаң ойлармен өмір сүре беретін болсақ, біз әлемдік тенденциялардан қалып қана қоймай, өзіміздің дамуымызға кедергі келтіреміз», — деді Сенат Спикері.

Отырыс кезінде сарапшылар клубының мүшелерімен қатар «Шеврон» компаниясының Еуразиялық және Тынық мұхиты өңірі бойынша бас директоры Замира Канапьянова, «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова, LULU Group жобасының негізін қалаушы Әсел Машанова, адвокат Жанна Оразбахова, «Агротеххолдинг KZ» АҚ президенті Динара Шүкіжанова және тағы басқа сарапшылар сөз сөйлеп, гендерлік даму, кедергілерді еңсеру, сондай-ақ әйелдердің әлеуетін жүзеге асыру мәселелері бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын айтты.

## ЖАЛПЫ ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ НАҚТЫЛАНДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Бірінші оқылымда Мәжіліс депутаттарына денсаулық сақтау саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістерді талқылау ұсынылады. Атап айтқанда, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекс деңгейінде уәкілетті органның нұсқаулықтар, алгоритмдер мен регламенттерді, мамандықтар номенклатурасын, қызметкерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын, денсаулық сақтау саласындағы көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесін әзірлеу және бекітуге қатысты өкілеттіктері мен басқа да бірқатар норма алынып тасталады.

Мәжілістің жалпы отырысының күн тәртібіне түр-



кітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісіміне өзгерістер енгізу туралы және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында кедендік әкелу баждарының сомаларын аударуға

қатысты бөлікте өзгерістер енгізу туралы хаттамаларды ратификациялау туралы заң жобалары да енгізілген.

Сондай-ақ депутаттар аңшылық саласы және жануарлар дүниесін сақтау жөніндегі жаңа заң жобаларын жұмысқа алатын болады.

## МҚІА ТӨРАҒАСЫ ЕЛОРДА ЖАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында жастардың мемлекеттік қызметке келуіне жасалған мүмкіндіктерді түсіндіру, оларға әділеттілік пен адалдық, азаматтық сана құндылықтарын, отансүйгіштік қасиеттерді насихаттау мақсатында елорданың жастарымен кездесті. Іс-шараға бейне конференцбайланыс арқылы өңірлердің жастары да қосылды.

«Әділетті Қазақстан — Адал азамат» тақырыбында өткен іс-шараға мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері, «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебінің» тыңдаушылары қатысты.

Дархан Жазықбай мемлекеттік қызмет саласын дамыту жұмыстары аясында «Әділетті Қазақстан — Адал азамат» қағидаттарына сәйкес ашықтық, әділдік, отансүйгіштік қасиеттерге баса көңіл бөлініп отырғанына тоқталып, жастарға мемлекеттік қызметке келуге толық мүмкіндіктер жасалғанын айтты.

— «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан — жас әрі жастардың мемлекеті! Жастарымыз — дамудың қозғаушы күші. Барлық мемлекеттік органдардың міндеті — жастардың өзін-өзі жақсы танытуына жағдай жасау және олардың оң бастамаларына қолдау көрсету» деген болатын. Еңбекқор, Отанға қызмет етуді парыз санайтын жастар — ел дамуының қозғаушы күші. Халқымыз қашанда жастарға үлкен үміт артқан. Агенттік дарынды, білімді, бастамашыл жастарды мемлекеттік қызметке тартуды тұрақты жолға қоюда. Сол арқылы мемлекеттік қызметшілердің жаңа буынын қалыптастырудамыз. Жастардың бойындағы күш-қуат пен қабілетті елге қызмет етуге бағыттау — біздің басты мақсатымыз. Болашақта мемлекеттік қызметке қызығушылық танытып, осы жолды танда-



сандар, туған Отанымыз Қазақстанды көркейтуге тікелей үлес қоса аласыңдар», — деді жастарға Дархан Жазықбай.

Агенттік заман талабына сай цифрландыру арқылы кадрларды іріктеудің ашық және әділ жүйесін қалыптастыру мақсатында eQyzmet.gov.kz сайтында мемлекеттік қызметке қабылдаудың онлайн жүйесін енгізді.

Соңғы өзгерістерге сәйкес жоғары оқу орындарын жақсы көрсеткішпен (GPA 3,33-тен жоғары) бітірген 430-дан астам түлек аудандық және ауылдық жерлердегі төменгі лауазымдарға конкурссыз қабылданды. Аймақтарда мемлекеттік қызметші болуға ынтылау жастарды анықтау, оларға мемлекеттік қызметтің ерекшеліктерін түсіндіру және қызығушылығын арттыру жұмыстарын жүргізетін жас мемлекеттік қызметшілердің мектептері жұмыс істеуде.

Мемлекеттік аппаратқа қажетті дарынды жастарды іріктеу үшін Президенттік жастар кадр резерві және Өңірлік кадр резерві қалыптастырылды.

Іс-шара барысында жастар 2024-2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа тұжырымдамасы аясында салаға қажетті жас таланттарды ынталандыруды көздейтін, мектеп және университет деңгейінде ерте кәсіптік бағдарлау институтын құру бастамасына қызығушылық танытты.

Жастар агенттік төрағасына өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Дархан Жазықбай «Адал азамат» идеясына тән қасиеттердің жастарымыз үшін маңыздылығына тоқталып, оларға мемлекетшіл болудың, Отан алдындағы жауапкершілік пен парызың қашанда биік тұру қажеттілігін айтты.

Кездесу соңында жастарға мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруға арналған цифрлық коуркинг залы, медиа-студия, ақпаратты 3D-голографиялық дәрістер өткізілетін голограмма залы, мұражай және кітапхана жұмысымен таныстыру үшін арнайы экскурсия ұйымдастырылды.



## БАҒДАР

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

## «АЛТЫН ТҰҒЫР – 2024» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ



Елордада «AMANAT» партиясының қолдауымен Ұлттық спорт қауымдастығы ұйымдастырған «Алтын тұғыр – 2024» ұлттық спорт түрлері бойынша жылдың үздік спортшыларын марапаттау рәсімі өтті. Іс-шараға Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, Президент кеңесшісі – Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Уәли, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов және тағы басқалар қатысты.

Іс-шараны ашқан Ерлан Қошанов осы жыл қазақтың ұлттық спорт түрлері үшін айтулы болғанын атап өтті. Бүкіл әлем V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында отандық спортшыларымыздың жеңісіне куә болды. Президент бастамасымен олардың басым көпшілігі мемлекеттік наградаларға ұсынылды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық спорт түрлерін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Олар біздің мәдениетіміз бен менталитетіміздің ажырамас бөлігі. Президент тапсырмасы бойынша елімізде ұлттық спорт орталықтары, клубтар, мектептер ашылууда. Онда 600 мыңнан астам адам қазақтың дәстүрлі спорт түрлерімен

айналысады. Бүгінгі «Алтын тұғыр» сыйлығы ұлттық қазынамызды сақтауға және оны елімізде, дүниежүзінде ілгерілетуге тікелей ықпал етеді», – деді ол.

«AMANAT» партиясы да жүйелі түрде ұлттық спортты дамытуға барынша қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, «AMANAT» партиясы үш жыл қатарынан бірегей «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесін ұйымдастыруға атсалысуда.

Биыл «Алтын тұғыр» ұлттық сыйлығы 11 номинация бойынша үздік спортшыларға берілді: көкпар, бәйге, тоғызқұмалақ, асық ату, құсбегі, дәстүрлі садақ ату, жоғу, аударыспақ, жамбы ату, теңге ілу, сондай-ақ ақпараттық қолдау көрсеткені үшін.

«Көкпар» номинациясы бойынша спортшы Абылайхан Нышанбеков, жаттықтырушы Еркебай Омарбек, комментатор Камбарбек Кашигов және төрешілер Ақылбек Қымызбаев пен Ғани Ахметбаев марапатталды.

«Теңге ілу» номинациясы бойынша спортшы Рахат Комбаров пен жаттықтырушы Нұржан Әбілқасымов жеңімпаз атанды.

«Жамбы ату» номинациясы бойынша спортшы Ақәділ Пернебай мен жаттықтырушы Сәнім Мурадова марапатталды.

«Аударыспақ» номинациясы бойынша жүлделер спортшы Сырым Ізбасаров пен жаттықтырушы Біржан Қосалиевке берілді.

Жоғу номинациясы бойынша жүлдені «Ұлы дала жорығы–2024» марафонының күміс жүлдегерлері атанған Алматы қаласының командасы жеңіп алды.

«Дәстүрлі садақ ату» номинациясында спортшылар Жәнібек Кулмирзаев пен

Айкөркем Батихан, сондай-ақ жаттықтырушы Диас Миллат марапатталды.

«Бәйге» номинациясы бойынша жүлде жаттықтырушы Төрбек Курманқалиевке, жокей Амангелді Хамза мен оның жылқысы Желқараға берілді.

«Құсбегі» номинациясы бойынша жүлделерді спортшылар Ерасыл Серікбекұлы, Бексұлтан Сейітжан, Иманғали Абдулкаримұлы және жаттықтырушы Елтай Мүптекеев иеленді.

«Тоғызқұмалақ» номинациясында спортшылар Салтанат Сапарбекова, Асылхан Қожанәсіп және жаттықтырушы Бауыржан Төлегенов марапатталды.

«Асық ату» номинациясы бойынша сыйлық спортшылар Камила Данияроваға, Нұрқисса Молжігітовке, жаттықтырушы Ескендір Рахметовке берілді.

Сондай-ақ ұлттық спорт түрлеріне тұрақты ақпараттық қолдау көрсеткені үшін Qazsport телеарнасының ұжымы «Ақпараттық әріптес» номинациясын иеленді.



## «АҚТӨБЕ» ГАЗЕТІНЕ – 100 ЖЫЛ



Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп өңірдегі «Ақтөбе» газетінің 100 жылдығына арналған мәдени-ғылыми шараға қатысты.

Сенатор өз сөзінде газет облыс тұрғындарына 100 жыл бойы маңызды ақпарат көзі болып келе жатқанын айта келіп, оның тарихи және мәдени өмірінің ажырамас бөлігі екенін атап өтті.

«Ақтөбе» газеті өңірдің мәдени өмірінде маңызды рөл атқарып келеді. Ол – ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар өнер мен театрдағы, музыка мен әдебиеттегі оқиғалардың шежіресін жазып келе жатқан беделді басылым. Газет жергілікті авторларға, әртістер мен мәдени бастамаларға белсенді түрде қолдау білдіріп келеді. «Ақтөбе» әрқашан жергілікті билік пен азаматтар арасындағы алтын көпір болды, адамдарға пікір білдіруде, сұрақ қоюда және жауап алуда көмек көрсетуді мақсат етті.

Қиын кезеңде, экономикалық дағдарыс немесе табиғи апат болсын, газет ақпарат тарату және халықтың ар-намысын асқақтату арқылы маңызды қолдау көрсетіп келеді», – деді Нұртөре Жүсіп.

Сенатор шара барысында отандық БАҚ-ты қолдау жөніндегі мемлекеттік реформалар туралы да айтты. Ол кейінгі кездегі заң шығару жөніндегі бастамалар мен реформалар ел басшылығының ашық, еркін және әділ медиа ортаны құруға деген ұмтылысын көрсететінін атап өтті.

Нұртөре Жүсіп шара соңында бүкіл қазақстандық қоғамға ерекше мәні бар маңызды миссия жолындағы әріптестеріне шығармашылық және кәсіби табысқа жетуде тілектестігін білдірді.

Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте қант қызылшасын жинау нәтижелері қарастырылды. Елімізде қант қызылшасының орташа өнімділігі гектарынан 535,5 центнерді құрап, шамамен 1,3 млн тонна жиналды.

## ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ЖИНАУ НАУҚАНЫ АЯҚТАЛДЫ



20 желтоқсандағы жағдай бойынша қазақстандық қант зауыттары өндеуге 988,6 мың тонна өнім қабылдады: «Ақсу қант» зауыты – 351,7 мың тонна (оның ішінде Жамбыл облысынан – 39,3 мың тонна); Көксу қант зауыты – 252,6 мың тонна; Меркі қант зауыты – 384,3 мың тонна. Қалған өнім өндеуге дейін фермерлердің қант қызылшасы үйінділерінде сақтаулы.

Жалпы өнімнің жартысы – 640 мың тонна Жамбыл облысында жиналды. Бұл аймақта қант қызылшасын тек Меркі қант зауыты өндейді. Қолданыстағы қуаттылықтарға сәйкес, Меркі зауыты 450 мың тонна, Жетісу облысындағы Ақсу зауыты

100 мың тонна қабылдайды, ал қалған 90 мың тонна қант қызылшасы Қырғызстанның қант зауыттарына жөнелтіледі.

Мұндай шешім жиналған өнімнің барлығын толық өндеуді қамтамасыз ету мақсатында қабылданды. Қазақстан мен Қырғызстан үкіметтері арасында қант қызылшасын үздіксіз қабылдау, өндеу және дайын қантты кері жеткізу бойынша келісімдер бекітілген.

Сонымен қатар фермерлерге қант қызылшасын қай зауытқа тапсырғанына қарамастан, қолданыстағы тәртіп бойынша әкімдіктер мен қант зауыттары тарапынан субсидиялар төленеді.



## БАҒДАР

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБИ

# «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫ – ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ ӘЛІППЕСІ

«AMANAT» партиясы халық арасында кеңінен сұранысқа ие партиялық жобалардың бірі – «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыру жұмысын қорытындылады. Жиын барысында халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған жобаның екі жылдан аз уақыт ішінде Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстанды құру және «Адал азамат» тұжырымдамасын жүзеге асыру бағытындағы жұмыстардың ең маңыздысына айналғаны туралы айтылды. Ресми ақпаратқа сүйенсек, партияның көмегіне жүгінген 780 мың азамат жобаға қатысып, қаржылық білім алды. Қатысушылардың 40%-дан астамы өздерінің борыш жүктемесін төмендетсе, 70%-ы ай сайынғы төлемдер сомасын азайтты, ал 41%-ы кредиттердің жалпы санын азайту мүмкіндігіне қол жеткізді.

## Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Халықтың шамадан тыс несиеленуі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі болғандықтан, оны шешу үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүйелі шаралар қабылданып, 2023 жылдың мамыр айында еліміздің 8 өңірінде «Қарызсыз қоғам» жобасы іске қосылып, кейін республиканың барлық аймағын қамтыды. Қазіргі күні екінші деңгейдегі банктердің қолдауының арқасында азаматтардың шамадан тыс кредит алуын азайту және олардың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі шаралардың біріне айналды. Оны іске асыру үшін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Үкіметпен және «AMANAT» партиясымен бірлесіп Жол картасы және кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заң әзірледі. Мемлекет басшысы 2024 жылғы 19 маусымда ол заңға қол қойды.

Мемлекеттің барлық ресурсы ел азаматтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Себебі бұл – Президенттің саяси және әлеуметтік реформаларының басты мақсаты. Жиынға қатысушыларға қарата айтқан сөзінде Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов халықтың қаржылық сауатын арттыруға арналған «Қарызсыз қоғам» жобасы елдегі жана саяси мәдениеттің үлгісі екенін атап өтті. Жобаны табысты жүзеге асыру мақсатында партия, Парламент, Үкімет, жергілікті билік органдары, қаржы секторының өкілдері мен белсенді азаматтар бірлесіп жұмыс атқарып жатқанына тоқталды. Партия төрағасы халықтың шектен тыс несиеленуіне қаршына батуы қоғамдағы ең өткір проблемалардың бірі екенін, Президент тапсырмасы бойынша жеке тұлғалардың банкроттығы және несиелену кезінде тәуекелдерді барынша азайту туралы заңдар қабылданғанын, ал бес жыл бұрын біржолғы кредиттік амнистия жарияланып, 500 мың адамның несиеленуі кешірілгенін атап өтті.

Шын мәнінде, «Қарызсыз қоғам» жобасы партиялық жобадан жалпыхалықтық деңгейге көтерілді. Біз Президент алға қойған ауқымды, стратегиялық міндетті – қоғам мәдениетін өзгерту мәселесін бірлесіп шешіп келеміз. Біз азаматтарға мәселені мемлекет шешіп бергенін күтіп отыра бермей, өмірді өз күш-жігерімен жақсартуына мүмкіндік береміз, өзінің және жақындарының тағдырына жауапкершілік алуға үйретеміз. Сонымен қатар азаматтардың бойына адал еңбек етіп, лайықты табысқа жетуге және болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік беретін жана қабілеттерді дарытамыз. «Қарызсыз қоғам» жобасы – жана мемлекеттік стратегияның бір бөлігі. Бұл – Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстанды құру бағытының негізгі идеясы және «Адал азамат» бастамасының өзегі, – деді Мәжіліс Спикері.

Спикердің айтуынша, жазғы каникул кезінде «Қарызсыз қоғам» сарапшылары



мектептердің, колледждердің және жоғары оқу орындарының 7,5 мың ұстазын қаржылық сауатты арттыру әдістемесіне оқытты. Быыл 500 мыңнан астам оқушы мен 100 мың студент білім алды. Осы шараның барлығы мемлекеттің араласуымен проблемалық несиелену үлесін 18%-дан 7%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Мұның бәрі – Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүйелі жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік органдардың, депутаттық корпусының және партияның үйлесімді, командалық жұмысының нәтижесі. Сонымен қатар «AMANAT» партиясының Төрағасы «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымын кеңейту қажет екеніне тоқталды. Атап айтқанда, жоба аясында қаржылық интернет-алаяқтыққа қарсы күрес, бизнесті дамыту, тұрғын үй алу, білім алу сияқты мемлекеттік қаржылай қолдау бағдарламалары арқылы ұсынылатын жаңа қаржылық құралдарды үйрету бағыттары қарастырылуға тиіс.

Бүгінгі күні жобаны жүзеге асыруға 12 коммерциялық банк пен 11 мемлекеттік орган қатысуда. Жобаға қатысуға ниет білдірген азаматтарға ыңғайлы болуы үшін qogamfp.kz. онлайн-платформасы әзірленді. Сайт арқылы оқу курсына жазылып, пайдалы материалдар мен бейне сабақтарды жүктеп алуға болады.



Уліт ШАЙХМЕТОВА,  
Налық Банк  
басқарма төрағасы:

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒЫНАН ГҮЛДЕНГЕН ҚОҒАМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БАСТЫ МИССИЯМЫЗ

– Біз елдің жетекші банкі ретінде халықтың кредит бойынша сауаты дұрыс болуына назар аударамыз. Ал бұл өз кезегінде қаржылық сауаттың жоғары деңгейімен ғана мүмкін болады. Біздің банк жобаның бастауында тұрған серіктес ретінде қаржылық сауатты оқытуды қаржыландыруды жалғастырып қана қоймай, жобаны іске асыруға, оны танымал етуге және масштабтауға белсенді қатысады деп айта аламын. Біз мұны ел экономикасын одан әрі дамыту және экономикалық белсенді, қаржылық жағынан гүлденген қоғамды қалыптастыру жолындағы өз миссияларымыздың бірі деп санаймыз. Біз қаржыландырумен ғана емес, азаматтарды оқытуға тікелей атсалысу арқылы жұмыспен қамтуға да көмектесеміз.

Халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған қаржылық білім беру жүйесін қалыптастыру, әсіресе шалғай аудандардың тұрғындары үшін аса маңызды. Біз тек жобаны қаржыландырып қана қоймай, оқыту бағдарламасына тәжірибелік білім мен кейстерді интеграциялауды көздей отырып, сарапшы ре-

тінде қатысуға дайынбыз. Азаматтар көбіне несиелену аларда тиімді мөлшерлеменің деңгейін түсінбейді, мерзіміне және несиені қайтару шарттарына назар аудармайды, салдарынан несиені қайтаруда қиындықтарға кезігіп жатады. Тіпті, қарыздарын уақытында қайтара алмай, проблемалық несиеленушілер қатары өсіп отыр. Сондықтан азамат егер несиелену болса, қалай алу, қалай сөйлесу, несиеленушімен қандай қарым-қатынаста болу керектігін үйрету маңызды. Біз жаңа кәсіпкерлерге несиелену және оның төлем жолдарының жеңіл тұсын да үйретуге әзірміз.

Балдырған НҰРТУҒАНҚЫЗЫ,  
«Қарызсыз қоғам»  
жобасының  
Қызылорда облысы  
бойынша қаржы  
сарапшысы:



## ҚАРЖЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҒАНА ЕМЕС, БИЗНЕСКЕ ДЕ ҮЙРЕТЕМІЗ

– «Қарызсыз қоғам» жобасы қарыз қамытын киіп, өбден шаршаған, несиелері көп, түсініп, түсінбей қарызға батқан адамдарға бағыт-бағдар, ақыл-кеңес беретін бірегей жобаға айналды десем болады. Жоба аясында бір жылда 2 300 адамды оқыттық. Түрлі сұрақтармен келген адамдарға қаржылық сауаттан өзге қосымша мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіреміз. Қарапайым тұрғындар қандай жобаға қатыса алады, қандай мемлекеттік гранттар бар, қандай мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады деген сұрақтар бойынша да бағыт береміз, құжаттарын дайындауға, бизнес жоспар құруға көмектесеміз. Несиелену құтылуға келіп, сауаты ашылған соң «үй алғым келеді, баланың оқуына ақша жинаймын, қауіпсіз қарттығыма ақша жинаймын» дейтін азаматтардың қатары артып келеді. Сондай-ақ екі азамат жақында Қызылордадан баспаналы болды. Біреуі – көпбалалы ана. Екіншісі – мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған ана. Олар бұрын кезекке тұрып қойған. Байқауға қатысуға жол сілтеп, олардың баспаналы болуына септігіміз тиді.



Сәулет ЕРКІНҚЫЗЫ,  
Абай облысы  
«Қарызсыз қоғам»  
жобасының қаржы  
сарапшысы:

## ҚИНАЛЫП КЕЛІП, БИЗНЕС АШЫП АЛҒАҒАНДАР БАР

– Жоба бойынша облысымыздан 6 000 адамды оқыту жоспарымыз болған, жыл соңында жоспарды артығымен орындап, 7 352 адамды оқытып, сертификатын бердік. Бес сарапшы маман

облысымыздың 2 қала және 10 ауданында, барлық елді мекендер мен ауылдарда қаржылық қиындыққа тап болған азаматтарды түгел қамтуға тырысып, жұмыс істеді. Тек қаржылық сауат қана емес, несиелену мәселесін азайту, несиені қайта құрылымдау, жеке банкроттығын қарастыру және қаржы алаяқтарынан қалай қорғану керек, әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану секілді сауаттылық мәселелерімен қатар, бизнес жоспар құру, бизнес бастау бағытындағы бағдарларды түсіндіреміз, ары қарай да жұмысты қалай жүргізу керек, жылына берілетін төрт реткі есеп беруді қалай жоспарлау керек соның барлығын үйретеміз. Жобаға келген азаматтардың 30 пайызы ауылдарда агробизнесті қолға алып, жұмыс істеп жатыр.

Асылтас ҚУАТБАЕВА,  
Маңғыстау облысы,  
жобаға қатысушы:



## ШҰЖЫҚ ӨНДІРЕТІН ЦЕХ АШТЫМ

– Жобаға қатысқанға дейін жалақымын жартысын қарыз қайтаруға жұмсап келдім. Жұбайым жұмысынан айырылған соң, отбасымның қаржылық жағдайы нашарлап кетті. Өзіміз көпбалалы болғандықтан, қарызымызды қайтаруда қатты қиналды. Жобаға қатысқаннан кейін, қаржылық білімім реттеліп, сарапшылардың көмектесуімен өтінім рәсімдеп, сол арқылы мемлекеттен өз ісімізді бастауға мүмкіндік берген грант алдық. Қазір құс етінен шұжық өнімдерін өндіретін кәсіпорын ашып, кәсібімізді ары қарай дамытып жатырмыз. Отбасылық табысымыз 650 мың теңгеден асып, қарызымыздың көп бөлігінен құтылды.

Айжан ЖЫЛГЕЛДИЕВА,  
Алматы қаласы  
«Қарызсыз қоғам»  
жобасына  
қатысушы:



## АКТИВ ПЕН ПАССИВТІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫН БІЛДІМ

– Әрбір қатысушының жеке бір қаржылық мәселемен келетіні анық. Курс аясында солардың әрқайсысына жеке заңгер, ментор, сабақ берген ұстаздар жан-жақты, тегін кеңес берді. Соның арқасында біраз ананың қаржылық мәселесі реттелді. Өзім таныстарыма несиелену алып беріп, ол кісілер төлемей қойғандықтан, жобаға жүгіндім. Нәтижесінде, заңгерлердің көмегімен банктер несиеленуі қайта қаржыландырып, маған ыңғайлы кесте жасап берді.

Жоба аясында Алмалы ауданының Отбасын қолдау орталығында 5 күндік оқу курсынан өттік. Орталық аз қамтылған отбасылар, жалғызбасты, көпбалалы аналар, сонымен қатар мүгедектігі бар балаларды бағып отырған аналарға көмектеседі. Барша халыққа арналған «Қарызсыз қоғам» курсы өте ауқымды болды. Бізді қаржылық сауаттылыққа үйретті: кіріс-шығысты қалай есептеу керек, депозитті қалай ашу керек, оның қандай түрлері бар, жалпы депозит не үшін ашылады, оны ашқанда және несиелену алғанда олардың пайыздық мөлшерлеріне қалай қарау керек, келісімшарттарда қандай нәрселерге көңіл аударуымыз тиіс, бизнесті қалай бастауға болады, мемлекеттен қандай қайтарымсыз гранттар алуға болады, оған кімдер және қалай тапсыра алады, сонымен бірге активтер, пассивтер туралы көп мағлұмат алдық. Активтің қаншалықты маңызды екенін, әр адамда активтің болуы керектігін түсіндік. Несиелену тек актив үшін алған тиімді екенін ұқтық.



## НАРЫҚ

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Ауыл шаруашылығының бүгінгі жай-күйі алаңдатарлық. Өкінішке қарай, есеп бөлек, іс жүзінде басқаша болып тұр. Бұл туралы Мәжілісте де, ел ішінде де айтылып жүр.

# Атакәсіп - САРҚЫЛМАЙТЫН

## НӘСІП



Көшпелі қазақ тың игеру науанының нәтижесінде отырықшы елге айналған. Ол кезде негізгі егіс бидай, мақта, күріш, қант қызылшасы еді. Уақыт өте келе бау-бақша өнімдері өсіріле бастады. Мал шаруашылығы тұрақты дамыды. Барлық сала Үкімет бекіткен нақты жоспарға сай жұмыс істеді. Ал қазір әркім өз бетінше кәсібін дөңгелетіп жатыр. Мемлекеттік қолдауға қыруар қаржы бөлінгенімен, қарыштап дамып шарықтап кеткен ауыл шаруашылығын көрмей келеміз. Президенттің Үкімет алдына қойған міндеттері агроөнеркәсіп секторына серпін береді деген сенімдеміз. Ауыл шаруашылығы экономиканың қозғаушы күші болуы үшін бәсекеге қабілетті салаға айналуы керек. Ең алдымен ел ішінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге билік мүдделі болуға тиіс. Ал қазір Үкімет, министрлік, атқарушы билік пен бизнес арасында байланыс байқалмайды. Сол себепті ауыл шаруашылығы шатқаяқтап тұр. Бұлай жалғаса берсе, ауылдағы ағайынның тұрмысы қалай түзеледі? Кей әкімдер Президенттің отандық инвесторларды қолдау тапсырмасын ысырып тастап, тек шетелдік инвесторларға жергілікті жұртшылықтың мал жайылымдық және егістік жерлерін тартып алып беріп жатыр. Соның салдарынан адал еңбекпен малын бағып, егін салып табыс тауып жүрген ауыл адамдары кәсіпсіз де, нәсіпсіз де қалуда.

Қаржылай қолдау болмай, ауыл шаруашылығы оңбайды. Әлемнің озық елдері агросекторға басымдық берген. Қазба байлық және өндіріс көздері жоқ жерде тек егін және мал шаруашылығы арқылы аяққа тұруға болады. Фермаларды жоспарлы түрде дамытқан Кеңес өкіметі — осының бір мысалы. Әлі күнге сол үрдісті үзбей келе жатқан Өзбекстан, Тәжікстан сияқты көршілер де сол жүйенің бір дәлелі. Өйткені мал мен егінде береке бар. Кен — таусылатын байлық. Ал атакәсіп — сарқылмайтын нәсіп. Мемлекет басшысының бастамасымен бұған дейін небәрі 500 млрд теңгенің төңірегінде бөлініп келген қаржы екі жылда екі есе ұлғайтылып, триллионнан асты. Оның ішінде 2,5%, 4%, 5% пайыздық несиелер бар. Бұл қаражат Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты қаржылық ұйымдар арқылы үлестіріледі. Алайда Президент жалпы шаруалар мен шаруашылықпен айналысқысы келетіндерге арнап бөлетін ақшасы агро олигархтардан әрі аса алмай жатқан сынайлы. Себебі солардың өнімі өсіп өрі өтіп, былайғы шаруалар қып-қызыл шығынға батып жатыр. Мысалы, биыл министрліктің агросайты дұрыс жұмыс істемей, қарапайым адамдар тиесілі субсидиясы мен арзан несие ала алмай

қалған. Ал Президентке бәрі керемет деген есептер беріліп тасалды. Керек десеңіз, тәп-тәуір кәдеге жарай бастаған «Ауыл аманаты» жобасына арналған қаржы да бөлінбей қалған. Бұл туралы «AMANAT» партиясы мәселе көтерді. Ал кешегі форумда Президент саланы қаржыландыруды жетілдіруді тапсырды. Келер жылы 700 млрд теңге бөлінеді. Қазірдің өзінде 3 есеге ұлғайтылған екен. Алайда мемлекеттік қолдау қаржылық ұйымдар арқылы берілетіндіктен, жетер жеріне жетпейді. Жеткен күннің өзінде ақыры дауға айналып, соттасумен тәмамдалуда. Қыруар қаржы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпесін десек, агробанкті тездетіп ашу керек. Шаруалар қаражатты бір банктен алып, берешегін сол арқылы қайтарады. Қаржыландыру механизмі бір жүйеге көшірілмей бәрі бекер. Президент саланы қаржыландырудың ақсап тұрғанын ескерді. Әлбетте, бұл құптарлық. Ендігі міндет — қарапайым шаруаларды шырылдатпай, мақсатты қаражатты дер кезінде бөлу және қолы жетпей жүргендерге беру.

Дикандар биыл агросайттың сылбырлығынан егінге қажетті субсидия мен тыңайтқыштарды да ала алмаған. Одан қалса, МӘМС төлемегендері үшін көпшілігінің есепшоттары бұғатталған. Мұны шаруашылығын енді дөңгелетіп бастағандарға жасалған қысастық деп түсінеміз. Биыл астық өсірушілер екендерін ортасымен, өткізе алмай еңбектері еш кетті. Жалпы, жылда осы, біресе баға бекітілмейді, біресе өнім өткізілмейді, импорт қысып нарықтан ығыстырылады. Отандық кәсіпкерлер өз денгейінде қолдау тауып жатқан жоқ. Еліміз бойынша жылыжайдың бір жылда 232 гектарға азаюы қауіпті емес пе? Мәселен, Түркістан облысында жылыжай көлемі 50 пайызға кеміп кеткен. Соның салдарынан қазірдің өзінде қызанақ пен қияр бағасы төрт есе өсті. Үкімет те, атқарушы билік те бұған мән бермесе де, Президент назарға алып, өнім өндірушілермен тығыз байланыста жұмыс істеуді тапсырды. Сол сияқты Қазақстанды экономикасының орнықты дамуына ықпал ететін нақты сектордың өркендеуіне қаржы бөліп, субсидия берудің ашықтығын қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылығын нарықтық әдіс-тәсілдер арқылы нығайту үшін стратегиялық тұрғыдан мемлекеттік реттеуді ұсынды. Өкінішке қарай, агроөнеркәсіп саласын маман еместер басқарып жатқандай, дұрыс дамымай келеді. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығына ғалымдарды жұмылдырмақшы. Өте дұрыс. АҚШ, Қытай, Түркия, Жапония, Еуропа мемлекеттерінде барлық бағытта ғалымдар жұмыс істейді. Соның арқасында жан-жақты өсіп-өркендеп жатқан жайы бар.

Президент әлемдік азық-түлік нарығында бәсекеге төтеп беру

үшін ғылымды дамытуға баса мән беруге, оның ішінде тұқым шаруашылығын жандандыруға стратегиялық міндеттің бірі деп қарауға шақырды. Картоп пен қант қызылшасы бойынша отандық тұқымның үлесі 10 пайызға да жетпейтінін сынға алып, Үкіметке дикандарды елімізде өндірілген тұқыммен қамтамасыз етуге, ол үшін шетелдің озық технологиясын пайдаланып, көрсеткішті 2028 жылы 80 пайызға, ал жоғары сапалы элиталық тұқымның үлесі кемінде 15 пайызға жеткізуді жүктелді. Бізде тұқым сапасы төмен. Ал элиталық сорттар өте қымбат. Оның өзі импорт. Тұқым сапасы төмен болғандықтан, шетке шикізат күйінде тонналап сатылып, елімізге жем мен ұн боп қайта сатылып жатыр. Ал бір әкімдер отандық мақташыларды қолдап, мақта сапасын арттырудың орнына қорлап жатыр. Кеңес өкіметінің кезінде ақ алтынның бағасы артық еді. Сапасыз десе де, Қытай, Аустралия Қазақстанның мақташылары өсірген мақтаны әлдеқандай қылып сатып алып, кәдеге жаратып жатыр. Ал бізде мақта өңдеу дұрыс жолға қойылмаған. Бұрынғы зауыттың көбі жабылып қалған. Тігін фабрикалары да санаулы. Жіп иіретін өнеркәсіп аз. Жалпы, «Мақта туралы» заң қабылданбай бұл саладағы мәселелер оң шешімін таппайды. Жүгеріні тиімді, мақтаны тиімсіз деу ақымақтық. Кеңес өкіметінің кезінде осы далада жүгері де, мақта да қатар өсірілген. Бізге жалпы құмды, шөлейтті жерлерді игеру технологиясын Египеттегідей қолға алатын уақыт жетті.

Елімізде баяғыдай мыңғырған мал жоқ. Есесіне транзит бар. Бордақұлайтын ірі қара мен жылқы шеттен келеді. Өзімізде миллиондаған малдың бары рас болса, өнімі неге көл-көсір емес? Мәселен, Ауыл шаруашылығы министрлігі Қытайға ірі қара терісін экспорттамақшы. Министрдің өзі тері илейтін зауыттар ашылса, 25 пайыз шығынын көтеруге көмектесетінін айтқан. Экспортқа кетіп жатқан мал терісі 13 мың тоннаның төңірегінде. Еліміздің 11 өңірінде 27 кәсіпорын былғары илеумен айналысып жатыр екен. Нәтиже қайда? Неге бізде мал терісі сырт киім, аяқкиім, сөмке, белбеу шығарылмайды? Өзіміз өсірген бидайды өзімізге қуырып беріп жатыр. Қытай сияқты бүкіл дүниежүзіне керектіні тігіп бермесек те, Түркия сияқты сырт киімнің нарығына шығу керек қой. Ауылдарда мал терісі жүн қабылдайтын пункттер ашу қажет. Қай өңірде мал мен жан көп болса, сол жерде тері илеп әрі киім тігетін кәсіпорындар ашқан жөн. Жеңіл өнеркәсіп тұрғысынан Қырғызстан мен Өзбекстаннан оза алмай жатқанымыз ақиқат қой. Тура сол сияқты біздің бидайдың мәселесі өзектілігін жоймай тұр. Үкімет 12 млн тонна бидайды экспортқа шығарса, нанға ұн қалмайды. Бұл нан өнімдерінің қымбаттауына себеп болып келеді. Жабылып қалған отандық диірмендерді іске қосып, ішкі нарықты толық қамтамасыз етіп, содан артылғанын ұн ретінде экспортқа шығарсақ, сол тиімді әрі табыстырақ болады. Әйтпегенде, қазір бидайдың жеуге арналғаны — 50, жемге арналғаны — 30 теңгеден

шекара асырылып жатқаны қауіпті. Бидайдың барлығын дерлік экспорттап, өзіміз қымбат нан жеп жатырмыз. Диірмендер саны едәуір азайып кеткен. Халық қашанғы арзан бидайдың нанын қымбат сатып алып жеп жүр.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығына жаңа технологияларды белсенді түрде енгізу озық елдердің денгейіне жетуге септігі тиетінін, биыл егіс алқаптарына бұрынғыдан екі есе көп тыңайтқыштың себілгенін, ғылыми тұрғыдан қажет тыңайтқыштың 41 пайызы екенін, өзімізде шығарылатын тыңайтқыштардың ауыл шаруашылығын толық қамтамасыз етпейтінін айтты. Сондай-ақ бүгінде құны 4 миллиард доллар болатын ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатқанын, нәтижесінде 7 миллион тонна минералды тыңайтқыш өндірілетінін білдік. Мұның бәрі алдымен ішкі нарықты толық қамтамасыз етіп, одан артылғанын экспортқа шығаруға жол ашады. «Не екен, соны орасың» дегендей, тұқым мен тыңайтқыш сапасына мән беру керек. Алда әлі органикалық тыңайтқыш өндірісін дамыту міндеті тұр. Президент бұл тұста халықаралық тәжірибеде қойдың жүнін суармалы жерге тыңайтқыш ретінде пайдалануға кеңес беріп отыр. Бізге енді суарылмайтын жерлерді суландыру технологиясын енгізу қажет.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мен ауыл шаруашылығы техникасын жанарту денгейін жылына 8-10 пайызға дейін жеткізу жөнінде міндет қойдым. Бұл мақсатқа 120 миллиард теңге бөлініп, отандық ауыл шаруашылығы техникаларын жылына 5 пайызбен жеңілдетілген лизингке беру бағдарламасы басталды. Қазақстанда 8 ірі бірлескен кәсіпорын, соның ішінде «Клаас» неміс концерні мен ресейлік «Ростсельмаш» компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Биыл шамамен 160 миллиард теңгеге жуық қаржыға 4,5 мыңнан астам трактор мен астық жинайтын 815 комбайн (оның 107-сі «Клаас» компаниясына тиесілі) шығарылды. Үкімет еңбек өнімділігін арттыруға, импортталатын қосалқы бөлшектерді локализациялап, ұсақ бөлшектерден құрастырылатын өндірісті қолдауға және тұрақты жұмыс орындарын ашуға баса мән беруі керек», — деп техниканың қолжетімділігін арттыруды тапсырды. Себебі ауыл шаруашылығының экспорттық әлеуетін күшейту қолға алынып жатыр. Ол үшін Қазақстанның көлік-логистика мүмкіндіктері кеңейтілуде.

Келісіп пішкен тон ешқашан келте болмайды. Жергілікті шаруалар мен атқарушы билік арасында байланыс жоқ. Министрліктің табалдырығын тоздырып шаршағандар Президент пен Парламентке шағымданады. Бұл — күшті Президент, ықпалды Парламенттің көрінісі. Ауылдар өсіп-өркендесе, ауыл халқының қал-ахуалы жақсарады. Агросаланы мамандар басқаруы керек. Жалпы, барлық саланы өз ісінің мамандары басқарғаны жөн. Сонда даму болады.

**Қайрат БАЛАБИЕВ,**  
Парламент Мәжілісінің депутаты,  
«AMANAT» партиясы  
фракциясының мүшесі



## ҚОҒАМ

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімдігі аппараты «Есірткісіз елорда – дені сау ұрпақ» акциясын ұйымдастырды. «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасы шеңберінде өткен акцияға қалалық Полиция қызметі басқармасы, Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы және «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтерлері мен қала тұрғындары қатысты.

Шараға жиналған көпшілік тұрғын үй қабырғаларына жазылған есірткі сату туралы жарнамаларды жойып, нашақорлыққа қарсы үндейтін суреттер салып, есірткі заттарының зияны, нашақорлықтың зардабы және заң аясындағы жауапкершілігі туралы ақпарат алды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, акцияның негізгі мақсаты – есірткі сату туралы жарнамаларды бар қабырғаларды бояу арқылы есірткінің қолжетімділігі мен насихатын азайту, есірткіге әуестенуге қарсы қоғамдық пікір қалыптастыру және салауатты өмір салтына үндеумен қатар, нашақорлық қылмысымен күресудегі жергілікті билік, қоғамдық ұйымдар және азаматтардың күш-жігерін біріктіру. Сонымен қатар «Таза Қазақстан» акциясын қолдай отырып, есірткі саудасының жолын кесу – азаматтық міндетіміз», – деді ұйымдастырушылар. Астананың белсенді жастары осы уақытқа дейін 2 000-нан астам еліткіш заттардың жарнамасын жойып, 200-ге жуық сайтты бұғаттауға қолғабыс жасаған.

# ЕСІРТКІСІЗ ЕЛОРДА



Қалалық Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Лейла Рахимова: «Есірткіге елітіп, нашақорлық жолды таңдаудың соңы өмірін өксіткен өкінішке соқтыратынын жастарға үнемі айтып отыруымыз керек», – дейді.

– Жыл басынан бері полиция қызметкерлері есірткіге қатысты 400-ге жуық қылмыстық іс қозғады, оның 300-і тыйым салынған тауар түрін сатуға қатысты. Қылмыскерлер 10 жылдан аса бас бостандығынан айыру жазасына

мелерін көптеп кездестіруге болады. Біз соларды тауып, жоямыз. Сондай-ақ тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Атаулы акция жыл бойы 40 мәрте ұйымдастырылды. Науқан аясында жарнамаларды жоюмен қатар, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 15 000 ұнпарақ таратылды, – деді ол.

Астанада 2024-2025 жылдарға арналған «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасы шеңберінде нашақорлықтың алдын алу және есірткі заттарының таралуына тосқауыл қою бойынша тоқсан сайын кешенді шаралар ұйымдастырылып, түрлі жиындар өткізіледі. Тек көшелер мен тұрғын үй қабырғаларына жазылған жарнамаларды жою бойынша бір жылда 40 мәрте акция ұйымдастырылып, 15 000 ұнпарақ таратылса, есірткі бизнесіне және есірткі тұтынуға қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл бойы түрлі флешмобтар, сайыстар, рейдтер, оқу орындарында, мектептерде кездесулер ұйымдастырылып, студенттер мен оқушыларға және қала тұрғындарына түсіндіру акциялары үздіксіз жүргізіліп отырады. Мәселен, қаладағы

Ал Астана қаласы прокуратурасының аға прокуроры Азамат Токтарбайдың айтуынша, бірқатар қылмыс бойынша қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталады.

– Есірткі таратқаны және оларды сақтағаны үшін 20 жылға дейін бас бостандығынан айырылу, бұл – адам өмірінің шамамен жартысы темір тордың ар жағында өтеді деген сөз. Одан шыққан соң адам көңілді болмайтыны рас. Сондай-ақ мұндай адамға қоғамның қарым-қатынасы да басқаша болады. Мәселен, биыл Астанада есірткі, психотроптық заттардың заңсыз айналымы үшін 150-ден астам адам жауапқа тартылды. Олар – 16 мен 45 жас аралығындағы адамдар, – дейді А.Токтарбай.

Сарапшы мамандар нашақорлық қармағына түсетін жастардың көбі есірткі сату жарнамасы арқылы қаржы табамыз деп алданып қалатынын айтады. Сондықтан жастарға «Жеңіл ақша қақпанда ғана болады» дегенді түсіндіру, саламатты өмірге баулу, спортпен шұғылдану секілді пайдалы іспен айналысу керектігін насихаттау керек дейді мамандар. Ал есірткі таратуға жастардың көптеп тартылуының себебі, оларға әсер ету оңай дейді психолог мамандар.

«Жастар және балалар ұйымдарының одағы» ЖҚБ жетекші маманы, психолог Әсел Пірімбектің айтуынша, жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың негізгі себептерінің бірі – ешкімге керек еместігін сезіну.

– Жасөспірімдердің көбісі жалғыз қалу сезімінен қашады. Сондықтан өзгеден көмек сұрау ұят еместігін жастар білуі керек. Жастар «Анашым, әкешім, менің жағдайым нашар. Менімен сөйлесіңізші» деп айта алуы керек. Егер баланың ата-анасымен қарым-қатынасы ішіндегі сырын айтатындай жақын болмаса, онда кез келген уақытта мектеп психологына көмекке жүгінуге болады. Біздің арамызда психологқа бар десе, шошып кететін адамдар бар. Есі дұрыс емес адам ғана психологқа барады деп ойлайды. Бұл – қате пікір. Маманның ақылын тыңдау түк те ұят емес. Психолог пен қоулақ өмірде жетістікке жеткен адамдар да барады, – дейді маман.

Саналы адам егер есірткінің қармағына бір іліксе, одан оңай айығып кету

**Астанада 2024-2025 жылдарға арналған «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасы шеңберінде нашақорлықтың алдын алу және есірткі заттарының таралуына тосқауыл қою бойынша тоқсан сайын кешенді шаралар ұйымдастырылып, түрлі жиындар өткізіледі.**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің студенттерімен өткен кездесуде Сарыарқа ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Асқар Рахман жастардың көбі нашақорлық үшін қандай жауапкершілікке тартылатынын білмейтінін айтады.

– Есірткі және психотроптық заттарды жасау, сақтау, сатып алу, тасымалдаумен айналысқандар өмір бойына бас бостандығынан айырылады. Заң бұл бағытта қатаң. Қоғам дертіне айналған нашақорлықпен күрес жан-жақты болғанымен, есірткі таратушылар әлеуметтік желіде емін-еркін жұмысын жүргізіп келеді. Ол қармаққа жастардың түсіп қалатыны өкінішті. Сондықтан жастар үшін психологиялық және құқықтық сауаттылықты арттыру аса маңызды, – дейді прокурор А.Рахман.

мүмкін емес екенін түсінуі керек. Ізденген адамға бұл дертке шалдыққан адам онсыз өмір сүре алмайтындай күйге түсетіні, денсаулығынан айырылып, өмірін құртатыны, тіпті жақындарының өміріне қауіп төндіретіні туралы ақпарат жеткілікті. Сондықтан әрбір адам өзінің өмірін жаман әдеттерден қорғап, жақсыны үйренуге дағдыланса, алдына мақсат қойып, оқып-ізденгені дұрыс дейді мамандар. Сондай-ақ есірткі қылмысы мен нашақорлықтың алдын алу және онымен үздіксіз күресу үшін мемлекет тарапынан заңдар қабылдап, бағдарламалар әзірлеу арқылы, қоғамдық ұйымдар мен әрбір адамның күш-жігерін біріктіру бойынша жұмыстар атқарудың маңызы зор.

Тілек КАБЫЛ



– Қаланың 5 аудандық әкімдігімен бірлесіп, нашақорлыққа қарсы 40-тан астам қабырғаларды графитпен бояу бойынша акциялар өткіздік. Қабырғаларды бояу акциясының мақсаты – тыйым салынған заттардың жарнамасын жою және салауатты өмір салтын насихаттау. Бұл – жастар арасындағы нашақорлықтың алдын алудағы маңызды кадам.

Біз осындай бастамаларды жалғастыруды жоспарлап отырмыз, халықпен ақпараттық-ағартушылық жұмысты күшейте отырып, жастардың зиянды әдеттерге үйір болуының алдын алмақпыз, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының маманы Сұлтан Өмірғалиев.

кесіледі. Сондықтан ешқашан өміріңді есірткімен байланыстырмаңыз. Өзіңіздің және өзгенің балаларының өмірін сақтаныз, – деді полиция подполковнигі.

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтерлері сапында қазір есірткіге қарсы қозғалысты қолдайтын 6 мыңнан аса ерікті бар. Солардың бірі – Даниял Келгенбаев. Ол есірткімен күреске белсене араласа жүріп, замандастарын нашақорлықтан сақтағысы келеді.

– Есірткі саудасын тоқтату – асыл арманым. Есірткі жарнамаларын жою үшін жиі бас қосамыз. Әсіресе, жастар нашақорлықтан аулақ болса екен дейміз. Қала көшелерінде тыйым салынған тауар сататын сайттардың сілте-



## МӘСЕЛЕ

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

«Бір-екі рулон бетон орап беріңіз!» – таяу болашақта Қазақстанда осылай сұраған адамға ешкім таңғала қарамауы мүмкін. Өйткені бетоннан рулон жасау технологиясы Орталық Азияға келіп жатыр. Бұған дейін аты әлемге мәшһүр британдық алпауыт «бетон төсем» өндіретін зауытын аймақ пен одақтың орталығы Ресейде ашпақ болған. Алайда оған қапталып санкция салынған соң кәсіпорнын біздің аймақта орналастыруға шешім қабылдады. Бұл инновациялық өнім не үшін пайдаланылады? Елдегі суды үнемдеуге қандай қатысы бар?

# ОРАМДАҒЫ БЕТОН КІМГЕ БҰЙЫРАДЫ?

Қазақстанда, әсіресе ирригация жүйелерін салу мен реконструкциялаудың күн тәртібінде күйіп тұрған мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

«Атап айтқанда, жобаны іске асыру ирригациялық-суару жүйелерінің эксплуатациялық сенімділігін едәуір арттырады. Мұның сыртында агро-өнеркәсіп кешені тұтынатын орасан зор көлемдегі судың үлкен бөлігінің жолай топыраққа сіңіп, босқа ысырап болуына жол бермейді.



Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің келесі жылға арналған инвестициялық жобаларының бірі қызықты бір жоба бар. Ұлыбританияның Concrete Canvas компаниясы елде бетон төсемдер (бетонное полотно) шығаратын зауыт тұрғызуға ниетті. Бастапқыда ағылшындар бұл зауытты Ресей аумағында ашуды жоспарлаған, тиісті рұқсаттарға қол жеткізген. Алайда сол кезде Ресейдің Украинаға қарсы басқыншылығы басталды, оған жауап ретінде дамыған елдер агрессорға әлем тарихында теңдесі жоқ санкциялар енгізді.

Геосаяси ахуал ұшығып кеткендіктен, британдық бизнес алдымен ресейлік жобасын белгісіз мерзімге тоқтатты, артынан мүлдем бас тартты. Бірақ компания акционерлері дап-дайын жоба зая кетпеуі үшін оны басқа елде жүзеге асыруға шешім қабылдайды. Таңдау Қазақстанға түсіпті. Инвесторлар ел Үкіметіне ұсыныспен шыққан.

Соның нәтижесінде, 2024 жылғы сәуірде инвестиция тартуға жауапты KAZAKH INVEST ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Ержан Елекеев Concrete Canvas Ltd. басшылығымен алғашқы келіссөзін жүргізді. Оның барысында тараптар Қазақстанда бетон төсем өндіру зауытын салу мүмкіндігін талқылаған. Бұған қол жеткізу үшін әр тараптың не істеуі керектігі жөнінде уағдаластыққа келді.

Бүгінде компания Қазақстанда өкілдігін ашып та қойды. «United Concrete Canvas» аталған жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) ел нарығының қажеттіліктерін зерделеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Ол бізден бүкіл Еуразиялық одақ нарығына шыға алады. Осы мақсатта британдық инвесторлар Өнеркәсіп және құрылыс, Сыртқы істер, Сауда және интеграция сияқты әр бағытқа жауапты министрліктермен және жергілікті әкімдіктермен де келіссөздерін бастады.

Мысалы, әкімдер өз өңірінде рулондағы бетонды қандай мақсатта пайдалана алатынын анықтап, төл жобаларын ұсынуы керек. Сонда инновациялық осы өнімнің елдегі қолданылу нарығы мен сұраныс ауқымы анықталады.

Шетелдік компания өкілдерінің айтуынша, жоспарланған бұл жоба Concrete Canvas инновациялық технологиясы арқылы

Сондай-ақ су арналарын, қорғаныш дамбасыздарын және азаматтық инфрақұрылымның басқа да объектілерін жанарту бағдарламаларына жұмсалатын бюджет шығыстарын елеулі қысқартуға мүмкіндік береді», – делінген компанияның түсініктемесінде.

Ұлыбританиялық компания – геосинтетикалық цементті композиттік төсеніш-маттарын шығаруда жаһандық жетекшінің бірі. Оның жаңа өнімі сүзу-филтрациялау кезінде су жоғалтуды болдырмайтын және материалдың берік қасиеттерін сақтайтын көрінеді.

Сарапшылардың түсіндіруінше, бұл – инновациялық технологияның ұстыны, негізі – цемент толтырғышы бар, көп компонентті орам-рулондық материал. Ол гидратацияланған, яғни ылғалданған кезде тез қатады. Техникалық сипаттамаларына сай икемділіктегі, қалыңдықтағы және пішіндегі жұқа, берік, оқ өтпес берендей күшейтілген әрі су өткізбейтін бетон қабатын түзеді.

Технологияның ерекшелігі сол, оны тез-ақ монтаждап, орнатуға болады екен. Соның арқасында осындай материал пайдаланылған құрылыс барынша жылдам жүзеге асырылады, мердігерлердің және тапсырыс берушілердің уақыты үнемделеді.

Бұдан бөлек, аталған технологияда дәстүрлі бетон ерітінділерін қолдануға қарағанда, материалдар 95%-ға аз пайдаланылады. Осының арқасында жобаның бюджеті де үнемделуге тиіс. Сондай-ақ бұл қоршаған ортаға келтірілетін теріс әсерді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

Британдық зауыттың Қазақстанда бой көтеріп, бұл технологияның аймағымызға, алыс шетелге Қазақстаннан тарауы KAZAKH INVEST ұлттық компаниясының басшысы Ержан Елекеевке үлкен сын болмақ. Өйткені Concrete Canvas компаниясының маңызды зауытын Ресейде тұрғыздан бас тартқанын естіп, бұл жобаны Қырғызстан өзіне тартып әкетудің қамына кірісті. Бұл туралы қырғыз басшылары жазды. Олардың хабарлауынша, британдық инвесторлармен тіпті Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров жүздесіпті.

Ержан Иракұлы Concrete Canvas өкілдеріне бұл инвестициялық жобаны Kazakh INVEST құралдары арқылы Қазақстанда

жан-жақты, кешенді сүйемелдеуге уәде етті. Егер ол сөзінде тұра алмаса, ілкімді бастама бюрократиялық «жартасқа» соғылып, ілгерілеуден қалса, оны Алатаудың арғы баурайындағы ағайындар іліп әкетуге дайын отыр.

Британдық компанияның Қазақстанда бетон төсемдері өндірісін локализациялауды, яғни оны толыққанды қазақстандық өнімге айналдыруды жоспарлап отырғанын ескеріп, ел Үкіметі Kazakh INVEST басқарма төрағасы Ержан Елекеевке инвестормен Инвестициялар туралы келісім жасасуды жүктепті. Өз кезегінде Е.Елекеев Concrete Canvas-тың перспективалы инвестициялық жобасына жан-жақты қолдау көрсететініне сендірді.

Айтқандай, ел Үкіметі Concrete Canvas Ltd.-ны Украинаға қарсы соғыс басталғалы,

тасталатын қалдық қоймаларында қолданады. Өйткені бұл өнім су өткізбейді, ылғалға төзімділіктің жоғарғы дәрежесіне ие», – деп жазады қырғыз басшылығы.

Қырғыз Республикасы Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары – Су ресурстары, ауыл шаруашылығы және өңдеу өнеркәсібі министрі Бақыт Торобаев британдық бұл жобаға қырғыздардың қызығушылығы өте зор екенін жеткізді.

«Қырғызстанның өзінде су каналдарының жалпы ұзындығы 30 мың шақырымнан асады. Оның ішінде, жалпы ұзындығы 11 мың шақырымнан асатын арналар жай топырақта қазыла салған, бетон қалыбы жоқ. Егер осы каналдың бәрінің түбіне осы жұмсақ әрі берік бетон төсемін төсеп шықсақ, біз өте көп көлемдегі суды жоғалтуды тоқтатамыз. Ол судың бәрін ауыл шаруашылығына, халық қажеттілігіне ұтымды жұмсай аламыз», – деді Б.Торобаев.

Бұл материалды ауыл шаруашылығында ғана емес, өнеркәсіпте, жол құрылысы саласында да қажетке жаратуға болады. Қазақстан тарапы зауыттың нақты қайда салынатынын жарияламады. Қырғыз тарапы болса, оған Ош облысынан жер бөліп отыр. Көрші елдің Үкіметі ұлыбританиялық инвесторларға барлық мәселесін жедел шешіп, жан-жақты қолдау көрсететінін мәлімдеді.

Министрлер кабинеті Қырғызстанның да Еуразиялық одаққа кіретінін еске салды. Сондай-ақ Concrete Canvas зауыты Қырғызстан арқылы бүкіл Орталық Азия нарығына шыға алады.

Қалай болғанда, Ұлыбританияның Сыртқы істер және халықаралық даму министрі британдық зауыт бір елмен шектелмей, бүкіл аймаққа қызмет етуге бағдарланып отырғанын нықтады.

– «Рулондағы бетон» технологиясы дәстүрліге қарағанда анағұрлым арзан бетон өндіруге мүмкіндік береді. Оны оңай төсеуге болады, жоба жұмыстары барынша тез, қысқа мерзімде аяқталады. Бұл ретте өнім мейлінше аз көміртек бөледі. Мұны дамуың келесі сатысы, «жасыл» даму элементі деуге болады. Еуразия, Орталық Азия өңірінде осы технологияның пайда болуы суару каналдарын салу және жөндеу ісін қайта құрады. Өңір үшін өмірлік маңызды, бірақ қат бола бастаған ресурсты – суды үнемдеуге ықпал етеді, – деді Дэвид Кэмерон.

Ендеше қырғыздардың екпіні қатты көрінеді. Қазақстандағы жауапты шенділерге қарқынына қарқын қосқан артық болмас еді. Біздің әкімдер мен министрлер британдық технологияға мүдделі екенін паш еткені абзал. Оның үлгісі бар. Бұған дейін United Concrete Canvas ЖШС бас директоры Ильдар Ямалиевпен, компания акционерлері Иэн Вудкок, Нұржан Бимендинмен Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев кездескен-тін. Онда айтылғандай, шетелдік инвестор орамдағы бетон шығаратын зауытты елімізде салса, онда оның өнімдері Жамбыл облысындағы ирригация жүйелерін реконструкциялауға пайдаланылады.

Облыс басшысы осы өңірдің өзінде шамамен 300 канал аталған өнімге зәру екенін жеткізді және зауытты Әулиеата өңірінде салуды ұсынды. Ербол Қарашөкеев бұл үшін қажетті барлық жағдай жасалғанын, жаңа индустриалдық аймақтар бой көтеріп жатқанын, онда керекті инфрақұрылым қамтамасыз етілгенін алға тартты. Облыста шикізат – цемент өндірісі жолға қойылған. Инвестициялық жобаларды субсидиялау тетігі де енгізілді.

Сонымен қатар судың 80%-ын Қырғызстаннан бастау алатын өзендерден тұтынатын Жамбыл облысын соңғы жылдары қуаңшылық жайлап, вегетациялық кезеңде су тапшылығы туындайды. Тіпті, төтенше жағдай жариялауға тура келді. Соның кесірінен, өңір егістіктердің, суармалы жерлердің ауданын арттыра алмай тұр. Британдықтардың жаңа өнімі осы және басқа өңірлерімізге тасымалдау кезінде судың шектен тыс ысырап болуына тоқтау салып, қолға тиетін көзсардың көлемін айтарлықтай арттыруға көмектесер еді. Жобаның құрылысына қатысты егжей-тегжей 2025 жылы толыққанды айқындалады деп күтіледі.

Елдос СЕНБАЙ



## ОЙТОҒЫС

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ



– Тамара ханым, қазір ұлттық анимация төңірегінде көптің көкейіне сауал туғызған, әлі күнге дейін күрмеуі шешілмеген мәселелер жиі талқыға салынатынын байқап жүрміз. Айтыңызшы, бүгінде отандық анимацияның даму қарқыны қандай? Прогресс байқала ма?

– Мен қазақ анимациясының ардагерімін. 1975 жылы осы саланың аясында еңбек жолымды бастап, бүгінге дейін анимация өндірісіне қатысып келе жатырмын. Жас буын аниматорларға ақыл-кеңесімді беріп, тәжірибеммен бөлісіп келемін. Қазіргі қазақ анимация саласы жас мамандарының кәсіби беталысы жүрегіме үміт ұялатады. Ұлы ұстаз, қазақ анимациясының негізін қалаған бірегей тұлға Әмен Қайдардың салған ізін жалғап, абыроймен арқалап келе жатыр. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы түлектерінің дипломдық және дебюттық жұмыстарын талқылау комиссияларында жұмыс істеп әрі екі бірдей толықметрлі анимациялық фильмдердің кеңесшісі қызметін атқара жүріп байқағаным – заманауи қазақ анимациясына шығармашылық әлеуеті зор, энергияға толы дарынды жастар келе жатыр. 2010 жылдан бастап «Қазақфильм» киностудиясында анимациялық бөлім қайта жаңғырып, жаңа буын режиссер-аниматорлардың жолы ашылды. Атап айтсақ, «Аңшы», «Оттан жаралғандар» фильмдерімен танылған режиссер Адай Абельдинов, «Мұзбалақ» фильмінің режиссерлері Тұрдыбек Майдан мен Тілек Төлеуғазы және тағы басқалары бар.

2022 жылы «Қазақфильм» киностудиясының жанынан «Қазақанимация» шығармашылық бірлестігі ашылған еді. Бұл Мәдениет және ақпарат министрлігінің отандық аниматорларға тартқан үлкен сыйы болды. Үш жыл қатарынан «Қазақанимация» шеңберінде әртүрлі жанр мен техниканы қамтыған сапалы анимациялық фильмдер жарық көрді. Олардың ішінде менің де сценарийім бар. «Қазақанимация» ашылғалы бері жаңа дебютант-режиссерлердің есімі таныла бастады. Жанәділ Байдарбеков, Қуаныш Нағыз, Гүлбақыт Тазабекова, Ермек Мананбаев, Абзал Еңсебаев сынды жас мамандар өз туындылары арқылы еліміздің абыройын халықаралық сахналарда асқататып жүр. Әрине, «Қазақанимация» – болашағынан зор үміт күттіретін жаңа мекеме. Қазір шетелдік мықты мамандарды елімізге әкеліп, қызметкерлер мен студенттерге арнайы шеберлік сыныптарын ұйымдастырып келеді. Біз оның жемісін көріп отырмыз. Қазақ анимация саласының халықаралық деңгейге шығатынына күмәнім жоқ.

**Тамара МҰҚАНОВА,**  
сценарист, анимациялық кино режиссері:

# ҮКІМЕТ ПЕН ҚОҒАМ ҚОЛДАУДЫ ТОҚТАТПАУ

Дегенмен Үкімет, халық және қоғам тарапынан қолдауды тоқтатпау қажет.

– «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» фильмі әлемнің 48 елінде көрсетілді. Бүгінде осы рекордты қайта жаңартқан, шетел көрерменінің сұранысына ие болған мультфильмдеріміз бар ма?

– «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» – қазақтың тұңғыш анимациялық фильмі. Туынды осы уақытқа дейін 48 мемлекетті аралап, талай жүлдені қоржынымызға түсірді. Аталған классикалық туындының басты ерекшелігі – Әмен Қайдар бас болып жинаған дарынды суретші мамандар тоғысқан топтың қолынан шыққандығы. Әрине, фильмнің ұлттық нақыштағы көркемдік-тақырыптық шешімдерін ерекше атап өту керек деп ойлаймын. Жаһандық көрерменнің назарын аударғаны да осы бір ерекшеліктері еді. Бүгінгінің аниматорлары Әмен Қайдардың салып кеткен сара жолымен келе жатыр. Ол дегеніміз ұлттық анимацияда ұрпақтар сабақтастығының әлі де жалғасып келе жатқанын көрсетеді. Бұл жақсы үрдіс. 2017 жылы «Қазақфильм» киностудиясы екі бірдей толықметрлі анимациялық фильм – «Күлтегін» мен «Мұзбалақты» жарыққа шығарды. Екі туынды да халықаралық жүлдеге ие болды. Фильмнің Германия, Франция, Түркия, Израиль елдерінде тұсаукесері өтті. Бертін келе дарынды жас режиссер Маржан Жүнісбек «Шаңырақтың иесін іздеп жүрмін» атты қысқаметрлі анимациялық жобасын түсірді. Бұл туынды Жапонияның ең ірі фестивалінде жүлдені қанжығамызға байлады.

Таяуда «Қазақанимация» шығармашылық тобы мектеп жасына дейінгі балаларға арнап «Тоқаш пен Бақаш» атты 13 бөлімнен тұратын анимациялық туындыны жарыққа шығармақ. Жобаның ерекшелігі – Әмен қалап кеткен кәсіби мектептің қағидаларын ұстана отыра заманауи бүлдіршін көрерменнің талаптарын ескеруі және жаңа технологиялармен ұштастыру арқылы жасалуы. Демек, қазақ анимациясы әлемдік

Анимация, мультипликация – идеология құралы. Технологиясы дамыған әлемнің озық алпауыт мемлекеттері дәл осы шығармашылық саланы ой жеткізуші, ұлттық болмысты насихаттаушы құрал ретінде қолға алғаны қашан?! Суретті экран арқылы «сөйлете білу» өнері кейінгі кездері өз елімізде де ақырындап даму сатысына көшті. Десек те, бұл салада қоғам ішінде айтылар сын аз емес. Біз жақында «ҚР Киногерлер одағының» мүшесі, отандық анимация ардагері Тамара Мұқановамен ұлттық анимацияның дамуы мен өзекті мәселелері туралы сұбелі сұхбат құрған едік.



**Таяуда «Қазақанимация» шығармашылық тобы мектеп жасына дейінгі балаларға арнап «Тоқаш пен Бақаш» атты 13 бөлімнен тұратын анимациялық туындыны жарыққа шығармақ. Жобаның ерекшелігі – Әмен қалап кеткен кәсіби мектептің қағидаларын ұстана отыра заманауи бүлдіршін көрерменнің талаптарын ескеруі және жаңа технологиялармен ұштастыру арқылы жасалуы. Демек, қазақ анимациясы әлемдік кеңістікте өз орнын қалыптастырып келе жатыр деуге толық құқымыз бар.**

кеңістікте өз орнын қалыптастырып келе жатыр деуге толық құқымыз бар.

## ЕЛІМІЗДЕ ІРІЛІ-ҰСАҚТЫ 40-ҚА ЖУЫҚ АНИМАЦИЯЛЫҚ СТУДИЯ БОЙ КӨТЕРДІ

– Ұлттық анимация саласындағы тағы бір өзекті мәселе – сапалы кадрлардың аздығы. Оның үстіне, соңғы жылдары білікті мамандар шетел асып кететін құбылысты жиі көріп жүрміз. Киноиндустрия саласының дамуына пайда әкелетін тәжірибелі мамандарды өз елімізде алып қалуға не кедергі?

– Біз жаһандану заманында өмір сүріп жатырмыз. Қазір ғаламтордың дәуірі билеп тұрған уақыт. Сондықтан мұндай жағдайда мамандарды бір орында ұстап отыру да оңай іс емес. Алайда Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен 3 жыл қатарынан «Қазақанимация» шығармашылық бірлестігі отандық мамандарды толығымен жұмыспен қамтып отыр. Осының арқасында елімізде ірілі-ұсақты 40-қа жуық анимациялық студия бой көтерді. Барлық маман өз елімізде білімін жетілдіріп, ел игілігі үшін жұмыс істеп келеді. Расында, бұл бізді қуантады.

Қазір анимация мамандарын даярлайтын екі жоғары оқу орны бар. Оның бірі Алматы қаласындағы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы болса, екіншісі Астанадағы Қазақ

ұлттық өнер университеті. Оқу орнын тәмамдаған түлектер толығымен өндіріске кірісіп, елімізде тәжірибесін шыңдап келе жатыр. Өткенге көз жүгіртсек, кезінде біз Ресейдегі ВГИК-ке барып оқитын едік. Ал қазір өз мемлекетімізде барлық жағдай жасалып келе жатқанына қуанамыз.

Шыны айтсам, жеке өзім шетел асып кеткен аниматор мамандарын білмейді екенмін. Бірақ шетел компанияларынан тапсырыс алу арқылы қашықтан жұмыс істейтін шәкірттеріміз бар. Олар бұл әрекетін «еліміздің экономикасына қосқан үлесіміз» деп есептейді. Бәлкім, солай шығар. Бұл да үлкен тәжірибе емес пе?!

## АНИМАЦИЯ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

– Қазір киностудияға кадрларды тарту мәселесінде маманды қандай талаптарға сәйкес қабылдайды?

– Жұмысқа қабылдау барысында кадрларға қойылатын талаптар әлем бойынша бірдей деп ойлаймын. Ең біріншіден, маманның шеберлігі маңызды. Киногерлер арасында «Экран көрсетеді» деген ұғым бар. Дипломы «бес» деген бағаға толы, алайда әзірлеген жұмысы нашар, жауапкершілігі төмен маманды ешкім қызметке алмайды. Анимация өндірісі – өте кірпияз, табандылықты талап ететін сала. Сондықтан бұл мәселеге келгенде таныс-тамырлыққа, жауапсыздыққа орын жоқ. Анима-



ция қателікті кешірмейді. Өйткені экран көрерменді алдай алмайды. Өкінішке қарай, қазіргі анимация өндірісінде жоғары талаптарға сәйкес мамандар әлі де аз. Заманауи маман тек шығармашылық әлеуетімен ғана шектелмеуге тиіс. Сонымен қатар оның біліктілігі мен технологияны игере білу қабілеті жоғары деңгейде болғаны абзал. Себебі анимация өндірісі жоғары технологияның дамуымен тығыз байланысты. Компьютерлер, бағдарламалар, жұмысты ұйымдастыру әдістері күн сайын жаңарып отырады. Одан бөлек, заманауи маманның ағылшын тілін білуі айрықша рөлге ие. Өйткені анимация саласындағы бағдарламалар, оқу құралдары мен интернеттегі мәліметтің барлығы дерлік ағылшын тілінде жазылған.

— Дамыған мемлекеттер анимациялық фильмдерді идеология құралы ретінде пайдалануды үрдіске айналдырған. Мәселен, Ресей 2010 жылы 25 мың минутқа жететін мультфильм шығарса, 2020 жылы 55 мың

Сіз көрсеткен халықаралық статистика күн сайын өзгеріске ұшырайды. Болашақта бұл сандар бірнеше есеге артуы мүмкін. Біздің анимациялық өнімдеріміздің жылдық көлемі, әрине бұл көрсеткіштен алшақ жатыр. Десек те, қазақ анимациясының бүгінгі ахуалы көңілге үміт ұялатады. Кері нәтиже болған жағдайда ұлттың қауіпсіздігі қыл үстінде болар деген қауіп бар.

### ИНТЕРНЕТТЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚТІЛДІ КОНТЕНТ ЖОҚТЫҢ ҚАСЫ

— Балалардың таным көкжиегіне, көзқарасының қалыптасуы мен өмір салтына әсер етуші негізгі факторлардың бірі — медиа өнімдер. Дегенмен әлі күнге дейін қазақ отбасындағы балалар Disney өнімдерімен өсіп келеді. Осы ретте Disney, Netflix, Dream works, Pixar, Blue sky сынды анимациялық компаниялардың қарқынына



## ҮЗДІКТЕРГЕ — «АЛТЫН ҚАЛАМ»

Биыл әдебиет майданында қалам тербеп жүрген жазушыларды бір арнаға тоғыстырған «Алтын қалам» әдеби жұлдесінің тағайындалғанына — 15 жыл. Осы уақыт аралығында аталған жоба талай таланттың шырағын жағып, әдебиет әлемінде кең құлаш сермеуіне үлес қосты.

Таяуда айтулы мерейтойға орай жоба ұйымдастырушылары араға үш жыл үзіліс салып байқаудың жаңа маусымын жариялаған еді. Аптаның сәрсенбесінде еліміздің оңтүстік астанасы Алматыда «Алтын қалам» әдеби жұлдесі мәресіне жетіп, үздік деп танылған жеңімпаздардың есімі белгілі болды. Нұрлан Смағұлов қорының қолдауымен өткен әдеби жұлдеге жалпы саны 115 автордан 202 шығарма келіп түскен. Ұйымдастырушылардың сөзінше, оқырмандарға өзіне ұнаған туындыға онлайн форматта дауыс беру мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен, байқау нәтижесі бойынша «Жылдың үздік балалар шығармасы» аталымына Нұрбек Нұржанұлы лайық деп танылса, «Жылдың үздік поэзиясы» жұлдесі Алтынбек Мерсадыққа, ал «Жылдың үздік прозасы» аталымы негізінде байқау жұлдесі Бекен Ыбырайымға бұйырды. Сондай-ақ әдеби жұлдеге ие болған жеңімпаздардың қатарында «Жылдың үздік сатирасы» — Асхат Өмірбаев, «Жылдың үздік фантастика және детектив шығармасы» — Бақыт Жамалиева және «Жылдың үздік киносценарийі және драматургиясы» аталымы бойынша Шаридияр Уәлиханов сынды қаламгерлер бар. Байқау ұйымдастырушылары қатысушылардың арасынан оқ бойы озып шыққан жеңімпаздарға естелік және қаржылай сыйлық табыстады. Танымал жобаға қолдау көрсеткен Нұрлан Смағұлов қорының директоры Айдын Сұлтанов өз сөзінде мәдениетіміз бен әдебиетімізді өркендетуге бағытталған осындай байқауларға әркез қолдау көрсететінін жеткізді.

— Кітап — бұл рухани байлықтың кілті. Кітап оқыған адам — білім көкжиегі кең, тілі бай, мәдениетті, жан-жақты және пікірін еркін жеткізе алатын жан екені белгілі. Жақсы кітап оқу өмірде жеке тұлға болып қалыптасуға ықпал етеді. Сондықтан біз осы бағыттағы «Алтын қалам» секілді мәдени-ағартушылық бастамаларды әрқашан қолдаймыз, — деді А. Сұлтанов.

«Уран кеніші» атты туындысы үшін «Жылдың үздік прозасы» аталымына ие болған Бекен Ыбырайым байқаудан кейін әсерін бөлісіп, «Алтын қалам» жұлдесінің әдебиет әлеміндегі жаңа буынның қаламының қарымды болуына, шығармашылық әлеуетін дамытуға ерекше ықпал ететінін атап өтті.

— Қазіргі жағдайда қоғамға қаламгерлердің шығармашылығын ынталандырып, түрлі туындының сапасы мен деңгейін

іріктейтін осындай байқаулар міндетті түрде қажет. Байқаудың тағы бір ерекшелігі — көпшілікке есімі белгісіз жас жазушылардың атын шығарып, оларға материалдық және моральдық қолдау көрсетуінде. Сондықтан біз «Алтын қалам» байқауының ұйымдастырушылары мен қолдаушыларына алғысымызды жеткізгіміз келеді, — деді Бекен Ыбырайым.

Байқау ұйымдастырушысы Кенже Жұманұлы әдебиет саласы қоғамда қазақ тілінің дамуына әсер етуші негізгі фактор екенін негізге ала отырып, мұндай жобалар алдағы уақытта жалғасуы маңызды екенін алға тартты.

— Мемлекет басшысы: «Кітап оқу — рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт — секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы іске жұмсағанымыз жөн», — деп көпшілікті кітап оқуға ынталандыру керек екенін, сондай-ақ қазақ тілін дамыту әрқашан мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала беретінін атап өткен еді. «Алтын қалам» әдеби байқауы бұл бастаманы барынша қолдайды. Сондықтан биыл біз қазақтілді авторлардың шығармаларын көпке таныстыруды жөн көрдік. Өнердің ішіндегі ең бір қадірлі де қасиеттісі — көркем әдебиет. Қазақ әдебиетінің тұғырын биіктеге түсетін осындай ізгі шаралар көбейе берсін, — деді К. Жұманұлы.

«Алтын қалам» — байқауға ұсынылған туындыларға алдын ала тағайындалған қазылар емес, оқырман қауым өздері тікелей баға бере алатын Қазақстандағы алғашқы әдеби жұлде. Үш айға созылған дауыс беру қорытындысына сай әр аталым бойынша алты шығарма тандап алынып, оқырмандар тарапынан ең көп ұпай жинаған шығармалар және қазылар назарына ілінген туындылар сайыстың екінші кезеңіне өтеді. Ақтық іріктеу сатысында қазылар алқасы әрбір номинация бойынша жеңімпаздарды жасырын дауыс беру арқылы анықтайды. Сайыс барысында әдеби шығармалардың авторлары көрсетілмейді. Қазақ әдебиетінің бүгінгі мен болашағына бейжай қарамайтын азаматтар бастамашы болған аталмыш әдеби бәйге 2009 жылдан бері өткізіліп келеді. Айта кетейік, жыл соңында байқауға қатысушылардың үздік әдеби шығармалары жеке жинақ түрінде басылып шығады.

А.БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

# ТАРАПЫНАН ҚАЖЕТ



минуттан асырды. Ресей жылына 200 сағат анимациялық өнім ұсынса, көрші Қытай 3 мың сағат эфир дайындайды. Анимация өніміне басымдық берген Пекин өздері өндірген анимациясының уақытын 300 мың минутқа жеткізіп, нәтижесінде әлем бойынша алғашқы орынға табан тіреді. Бұл жетістікті қайталауға біздің қауқар-қарымымыз жете ме?

— Бұл мемлекеттік маңызы бар сұрақ. Тіпті, мемлекеттің даму саясатына қатысты алдыңғы қатарлы мәселелердің бірі деп айтар едім. Себебі мультфильмдерді көрсетудің маңыздылығын қоғамның дамуымен ұштастыруға тура келеді. «Анимация — өскелең ұрпақтың ұлттық санасы мен болмысын қалыптастыратын бірегей құрал. Бұл тұнып тұрған идеология, өнер. Біздің рухымыз. Бұл болмаса біздің мемлекеттігіміз бен егемендігіміздің құны көк тиын», — деп Әмен Қайдар басып айтқан. (Әмен Қайдар. «Біздің замандастар» кітабынан). Жақында Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов мырза «ғаламторда қазақ тілді контентті арттыру» туралы сұхбатында анимациялық фильмдердің маңызы туралы ерекше атап өтті. Расымен, орынды айтылған пікір. Өйткені ұлттық анимация — ұлттық тіл, тіл — біздің тәуелсіздігіміз.

ілесу үшін қандай қадамдарға баруымыз тиіс? Бұл үшін кинонарыққа арнайы стратегия немесе реформа әзірленгені жөн бе?

— Кез келген саланың тиімді дамуы үшін тиісті реформалар қажет. Бұл анимация саласы үшін де маңызды. Сіз атап көрсеткен шетелдік компаниялар өнімді көбірек әрі сапалы шығарумен қатар халықаралық студиялар жарыққа шығарған фильмдердің халыққа жетуі, туындыны тарату географиясы да кеңінен дамыған. Қазір еліміздегі балаларға арналған жалғыз телеарна — «Балапан» арнасы. Өкініштісі, интернетте балаларға арналған қазақтілді контент жоқтың қасы. Мысалы, «Қазақанимация» мекемесі өндірген 40-тан аса керемет туынды бар. Бірақ біз бұл туындыларды қайдан көре аламыз? Жас ұрпақ қай арнадан сусындайды? Қазақ анимациясында сапалы деңгейде әзірленген шығармашылық жобалар баршылық. Бірақ көрерменге жетпей жатыр. Меніңше, реформаны осы мәселе тұрғысынан қарастыру керек сияқты.

— Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



## ОЙТАМЫЗЫҚ

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

«Сіз маған ізгілікке қалай сенсеңіз, зұлымдыққа да солай сеніңіз депсіз. Құрбымау, олардың өмірде бар екенін мойындау сенім емес қой. Сенім деген сол – екеудің біреуінің адам үшін қымбат екенін, артық екенін мойындау. Достоевский: «Сенім жоқ жерде ізгілік те жоқ», – дейді. Сонда бұл қандай сенім? Ізгіліктің болмыста бар екеніне ғана сену ме? Жоқ, бұл – ізгіліктің жеңісіне деген сенім. Ізгілікке сенім артпаған адам ешқашан да жақсылық жасай алмайды».

Бұл – әйгілі «Парасат майданынан» үзінді. Студент кезде талай рет жата-жаста оқыған, ерекше жақсы көрген шығармамыз. Ауық-ауық қайта оралатынымыз тағы бар. Неге жақсы көрдік, неге қайталап оқи бергенімізді білмеймін, бір түсінгеніміз – бұл шығармадан кейін адам ізгілікті, жақсылықты аңсап тұрады екен. Онсыз да өмір күрес қой, сол күресті кім қалай өткереді, кім зұлымды жеңеді, кім өмірде тек ізгі ойларын паш етеді, сол жеңіске жететіні ақиқат.

«Парасат майданы» сахнада қойылады» дегенде дүдәмал күй кешкеніміз рас. Ол шығармада мұң бар, өзекті өртейтін өкініш бар, ішкі психологиялық арпалыс бар. Адам санасындағы арпалыс. Екіұдай күй кешесің. Адамның екіге жарылуы ма әлде?! Қалай десек те, психологиялық драманы сахнаға шығару – кімкімге де оңай соқпасы анық. Сондай оймен, сондай көзқараспен барған едік.

Шын мәнінде, жазушы Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» атты повесі – көрерменге жақсылық пен жамандықтың аражігін көрсететін шығарма. Адам болмысының күрделілігін терең ұғындыратын повесті сахнаға алып шығуға жүрек дауаламасы анық. Бірақ біз ойлағандай емес, Астанадағы К.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі, режиссер Гүлсина Мирғалиева бұл тақырыпқа батыл қадам басыпты.

**«Парасат майданы» – адамның рухани биігіне жету жолындағы күресін бейнелейтін, көрерменді ойландыратын, өмірдің шынайы мәнін іздеуге жетелейтін туынды. Қойылым барысында көрермен рухани құндылықтар мен материалдық әлемнің қайшылықтарын, адам болмысының күрделі мәселелерін терең сезінді.**

Қойылымда «Парасат майданының» ғана емес, «Оң қолдың» да штрихтары көрініс тапты. Драмалық тақырыпты көрерменге ұсынудың мақсатын театрдың көркемдік жетекшісі Гүлсина Мирғалиева классикалық тақырыптың жеңіл болмайтынымен түсіндірді.

– Театрымыздың жылдық жоспарымызда қанша спектакль болу керек екені жыл басында бекітіледі. Соған сәйкес республикалық бюджет бөлінеді. Биыл

сәуір айында театрдың көркемдік жетекшісі қызметіне келгенімде, 2024 жылға жасалған жоспарда «Парасат майданы» да қойылуы керек болған. Сондықтан ұлттық театр актерлері іштей осы қойылымға да дайындалып жүрді. Оны Фархат Молдағалиев қоюы керек еді. Бірақ Фархат Молдағалиев денсаулық жағдайына байланысты бас тартты, одан бөлек оның қоюына көпшілік келісімін бере қоймады. Сондықтан мен көркемдік жетекші әрі режиссер ретінде

болар екен? «Парасат майданы» бір бөлек, «Оң қол» бір бөлек» дегендей күмән білдірді. Бірақ қойылымнан кейін риза болғанына өздеріңіз куәсіздер, – деді Г.Мирғалиева.

Терең философиялық туынды көпшілікке ұсынылғаннан кейін көрерменнің жақсы бағасын алып жатыр. Адамның ізгілік пен адамгершілікке ұмтылуы шығармада маңызды орынға ие болса, сахна

тұр. Бардык, көрдік. Риза болдық. Қиыннан қиыстырған және онысы өте сәтті шыққан. «Парасат майданы» жалғыз емес, автордың «Оң қол» әңгімесімен синтездепті. Бір сахнада екі шығарма қатар өрілген, өте шебер шендестірілген. Екі дүние көріп отырғандайсың, бірақ біртұтас! Шеберлік. «Оң қол» – «Тозақ оттары жымыңдайды» – «Ақиқат», сонынан «Парасат майданы», осы тәртіппен оқысаңыз түсінуге, сезінуге өте қолайлы. Өте ауыр да өте озық шығармалар шоғыры.

Төлен Әбдіктің творчествосы мыйға салмақ салады, кейіпкерлері кейде өзімен бірге азап та шектіреді. Міне, премьерадан соң тып-тыныш жата салмай, ой тұңғығына батып тағы отырмыз. Зұлымдық пен мейірім, жақсылық пен жамандық, қиянат пен адамгершілік, рухани ластық һәм тазалық. Адам бойында, қоғам бойында үнемі жүріп жататын арпалыс», – деп жазды Е.Мұхамеджанов.

Қоғамда адамның кейпі көп. Не адамгершілікті, не білімді бойға дарытпағандар өздерін жоғары санап, кеуде соғады. Ақылды да, білімді де адам бар. Еркін Мұхамеджанов адам бойындағы осы ізгі қасиеттерді саралай айтып, мұның бәрі «Парасат майданының» ішінде жатқанын тілге тиек етеді.

Екі шығарма біріктірілген қойылымда эпизодтық кейіпкерлерді қоса санағанда он екі актер өнер көрсетті. Психологиялық драма 1 сағат 40 минутқа созылып, көрерменді терең ойға батырады. Күрделі қойылымның алғашқы күні аншлаппен өтті. Яғни, ой салар жақсы дүние қай кезде де ешкімді бейжай қалдырмайтынын дәлелдеді. Мұндай жақсы дүниеге Абылай Мәуленов та көзқарасын білдірді. Қойылымға бүгінгі заманның зарын қосқанын айтып, танданысын жеткізді.

«Көңілде алаң болғаны да жасырын емес. Бірақ спектакль өте тамаша болды. Бір повест («Парасат майданы»), бір әңгімені («Оң қол») үйлесімді сыйдырыпты. Ішіне бүгінгі заманның зарын да қосыпты. Қоюшы режиссер Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлсина Мирғалиеваның тапқырлығына тәнтімін. Өмір барда «Парасат майданы» тоқтамайды. Өйткені идеялар күресі – мәңгілік. Тек сол майданда кім жеңеді? Ең үлкен сұрақ та осы. Труппа залды уысында шырмап ұстап отырды. Тіпті, ұзақ паузаларда дем алмай қалды десек болады.

Актерлік құрам: Нұркен Өтеуіл – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Алтынай Нөгербек – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Гүлбаршын Қылышбай – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Жанар Қасымов, Марғұллан Наменов, Еңлік Айымғазы, Динара Егубаева, Нұрсұлтан Есен, Зағфар Әбенев, Руслан Әлішев, Асхат Сұлтан, Нұрбек Съезхан, Нұрхан Қосанов, Дастан Әлімов, Айкөркем Тұранова, Гаухар Исмайлқызы», – деді ол.

«Парасат майданы» – адамның рухани биігіне жету жолындағы күресін бейнелейтін, көрерменді ойландыратын, өмірдің шынайы мәнін іздеуге жетелейтін туынды. Қойылым барысында көрермен рухани құндылықтар мен материалдық әлемнің қайшылықтарын, адам болмысының күрделі мәселелерін терең сезінді.

Қаламгер Төлен Әбдік бұл қойылымды көру үшін ең алдымен «Парасат майданын» оқу керек екенін айтқан еді.

Расында да, «Парасат майданына» повесті оқып барыңыз. Сонда сіз «бейтаныс әлемге» оңай сүнгіп кетеріңіз анық.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

## Ардың жолы — АРПАЛЫС



тынып, тағы да локсып келмеймін бе деген күдік болды. Бірақ «Абай» телеарнасына барғалы баяғы саясат пен саясаткерлерімнен гөрі өнер мен мәдениет адамдарын жолдас тұта бастағам. Күдік болса да көңілжықпастық жеңді, оның үстіне өзім аударып-төңкеріп оқыған Төлен Әбдік ағайдың мемлекеттік сыйлық алған ең үздік шығармасы «Парасат майданы» деп





## КОЛЛЕДЖ ЖАБЫЛДЫ, СТУДЕНТ САБЫЛДЫ

Қарағандыдағы медициналық университет жанындағы колледж ақыры жабылып тынды. Оқу орны лицензиясының жарамдылық мерзімі біткен, ал оны қайта алуға мүмкіндік жоқ екен. 200-ден аса болашақ фельдшер, медбике мен тіс дәрігері енді басқа колледждерге ауыстырылмақшы.

Университет басшылығы студенттерге Қарағандыда бар екі оқу орнын ұсынған. Сонымен қатар олар қалауынша басқа қалаларда да оқи алады. Оқу орнының басшылығы университет жанындағы колледжді жабу осыдан екі жыл бұрын жоспарланғанын айтады. Сол кезде-ақ абитуриенттерді қабылдау тоқтапты. Қалғанын оқытып шығаратын болған. Бірақ оқу ордасында биыл қайта ұйымдастыру жүрген. Сондықтан барлық лицензияны қайта алу керек. Ал жақында жабылайын деп жатқан колледж жана талаптарға сай келмейді. Студенттермен қатар 22 педагог қысқартуға ілінді.

— Біз дәрігерлерді даярлау мен жоғарғы оқу орнынан кейінгі даярлыққа мән береміз. Ал орта кәсіби білім беру мен дайындау бізге қиындау болып тұр. Бұл медицина университетінің негізгі бағыты емес, — дегенді алға тартты Қарағанды медициналық университетінің проректоры Қуатбек Төлеубеков.

Ал дәріс алушылардың айтары басқа. «Алғашында 4-курска дейін оқытамыз, медициналық колледжіміздің дипломын аласыз деп айтты. Әрине, ренжідік, өйткені олар оқуды осы жерде бітіресіндер деп уәде берді», — дейді студент Ангелина Пирковая.

Облыс әкімдігі университет тарапынан студенттер арасында қажетті ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жүргізілмеуі студенттер мен оқытушыларға қосымша қиындықтар туғызып отырғанына алаңдаушылық білдірді. Әкімдік студенттер мен жұмысшылар үшін келенсіз зардаптарды барынша азайту және оқу үдерісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізетін болады.

Облыс әкімінің орынбасары Ораз Таурбековтің жетекшілігімен мәселені шешу жұмыстары жүргізілуде, атап айтқанда студенттерді басқа медициналық колледждерге ауыстыру және колледж оқытушыларын жұмысқа орналастыру шарттары талқылануда.

Сонымен, 218 студент басқа медициналық колледжді аралап кетті. Оқушылардың ата-аналары заңгер жалдап әділдік іздеуде.

«Біз бұған психикалық тұрғыдан дайын емеспіз. Бәріміз бір-бірімізге үйреніп қалдық. Мен бұл колледжді таңдадым, өйткені мен медицина саласында оқығым келді әрі шетелде оқуды көздедім. Егер мен Интерколледжге немесе Жоғары колледжге ауысса, мұндай мүмкіндік болмайды», — дейді 3-курс студенті Алдияр Әлімғазиев.

Сонымен қатар оқуын жақсы меңгеріп алған студенттер алдағы сессияға дайындықты да бастап кетсе керек.

«Қазір біз қысқы практикаға, емтиханға, сессияға дайындала бастадық. Әрі қарай не болатынын елестете де алмаймыз. Енді қайда барарымызды білмейміз», — дейді Юлия Денкова.

Армандары асқақ жастар осы оқу орнын толыққанды, лайықты білім алу үшін таңдаған. Өйткені колледж беделді болған екен. Студенттер колледждің өңірдегі ірі компаниялардың бірімен ынтымақтаса жұмыс істеп, жоба дайындап, бір жарым жыл оқығандарын да жеткізді.

Университет басқармасы болса колледждің жабылуын түсіндіріп әлек. Оқиға 2019 жылы медициналық университет Ұлттық кәсіби денсаулық және кәсіптік аурулар институтымен біріктірілген кезде басталған.

«Енді лицензия алуымыз керек болып шықты, бірақ бізде екі жылдан бері студенттер қабылданбағандықтан, оны ала алмаймыз. Бұл қазірдің өзінде біліктілік талаптарының бұзылуы деп саналады және уәкілетті орган бізге лицензия бермейді. Екінші жағынан, бізде бұл екі курсқа оқытушылар жоқ. Шындығы сол, егер қабылдау болмаса, мұғалімдер де жоқ. Біз талапқа сай емеспіз, жұмысты жалғастыра алмаймыз. Бірақ заңға сәйкес біз белгілі бір сабақтастықты ұйымдастыруымыз керек және студенттерді басқа білім беру ұйымдарына ауыстырамыз», — деп түсіндірді Қарағанды медициналық университетінің проректоры Қуатбек Төлеубеков.

4-курс студенті Жұлдыз Керімқұлованың анасы болса: «Керек болса Президентке барамыз. Үшінші және төртінші курстағы балалардың бүкіл легі колледжден қуылады! Ал тоғызыншы курстан кейін балалар сол жерде әрі қарай оқуға, жоғары білім алуға мүмкіндік болсын деп, медициналық академияның жанындағы медициналық колледжге мақсатты түрде түстік... Түсінгенім, олар бірінші немесе екінші курсқа түспеген. Бірақ олар үшінші немесе төртінші курсты аяқтауы керек! Неге біз енді Интерколледжге немесе басқа колледжге баруымыз керек? Біріншіден, бұл — мүлдем басқа деңгей. Жасыратын не бар? Медициналық академия жанындағы медициналық колледж — ол тіпті Германияда да бағаланады. Қарағандыдағы басқа колледждер туралы айтуға болмас», — деп жанапқайын жеткізді.

Не болса да ертерек қамданбаған Қарағанды медициналық университетінің басшылығына бұл ауыр сын болмақ. Ал сабылған студент қайтпек?

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы

## ТЕМІР ТОРДЫҢ АРТЫНДАҒЫ ӨКІНІШ

Соңғы төрт жарым жылда Қазақстанда отбасындағы зорлық-зомбылықтан 869 адам көз жұмған. Өкінішке қарай, қанша жерден заң қатайды дегенімізбен, отбасындағы зорлықтан жапа шеккендер саны азаймай тұр.

Зорлық кесірінен көз жұмған марқұм әйелдер қатарында атыраулықтар да бар. Ауыр қылмыс жасап, 9, 10 жылға дейін сотталған екі бірдей жазасын өтеуші есімдерін құпия қалдыруды сұрап, ең ауыр өкініштерін бөлісті.

«2023 жылдың мамыр айында сотталдым. Абайсызда адам өлтіріп алдым. Ол адам басқа емес, кезінде өзімнің сүйіп қосылған әйелім еді. Бұл оқиға ішімдіктің кесірінен болды. Кешке қарай ішімдікке тойып алып, үйге келдім. Өз-өзімді басқара алмай қалдым. Жанжал кесірінен әйеліме пышақ сұғып алдым. Егер сол күнге қайта оралатын мүмкіндік берсе, ішпей үйіме келіп, балам мен әйелімді құшақтап отырар едім», — дейді жазасын өтеп жатқан сотталушы.

Әйелін өз қолымен өлтірген қамаудағы азаматтың ең үлкен өкініші — жағдайды баласына түсіндіру. «Балам — өмірімнің мәні, жалғасы ғой. Бірақ мен сол ең үлкен аманатым — баламды өз қолыммен анасынан айырдым. Бостандыққа шыққан бойда ең бірінші баламнан кешірім сұрап едім. Балам мені кешіре ме, кешірмей ме, ол жағын білмеймін. Қазір балам екіге то-

болдым. Ішімдіктің кесірінен осындай жағдай болды. Өкінемін. Балаларым бар. Әйелімнен айырылып қалдым. Балаларымды да сағынамын. Үйге үнемі ішіп келетінмін. Соның кесірінен әйеліммен арада келіспеушіліктер болды. «Жұмыс істемейсің, арақ ішесің» деп марқұм әйелім ашуланатын. Арақтың соңы осындай қанды қасіретке алып келді», — дейді жазасын өтеуші.

Бұған дейін журналистерге берген сұхбатында Бас прокуратурасының өкілі Марат Әбішев тұрмыстық зорлық көптеген адамның өмірін қиып жатқанын айтып, дабыл қаққан болатын. «Жыл сайын елде осы азғындықтың салдарынан кем дегенде сексен әйел қайтыс болады. 150-ге жуық адам ауыр жарақат алды, 200 әйел адам орташа және 4 000-нан астамы жеңіл жарақаттанған. Полицияға күн сайын 300 өтініш келіп түседі», — дейді Марат Әбішев.

Жоғары санатты отбасылық психолог Айгерім Талғатқызының айтуынша, көп жағдайда ер адамдар қызғаныштың кесірінен немесе әйелді өзінің жеке меншігі сияқты қараудың салдарынан өлтіріп



лады. Мен бостандыққа шыққан кезде балам мектеп оқушысы болады екен. Абақтыда отырғаным бір жарым жылдан асты. Он жылға бас бостандығымнан айырылдым.

Шынымды айтсам, бұл қанды оқиға мен үшін өмірімде алған ең ауыр сабақ болды. Бір адамды өмірінен айырдым. Екіншіден, өзімнің өмірімді құртып алдым. Баламның өмірін құрттым. Қазір жасым 25-те. Әйелім небәрі 23 жаста болатын. Енді-енді қызықты сәттері басталып жатқан кезде, осындай қайғылы жағдай болды. Шын мәнінде, әйелімді өлтіріп аламын деп ойламадым. Бірақ арақ өз дегенін жасатты. Себебі арақ адамды ойлау қабілетінен, тіпті есінен айырады екен», — дейді жазасын өтеуші.

Арақтың кесірінен сүйген жарын өмірінен, баласын анасынан, әке мен ананы аялап өсірген қызынан айырған ол ер адамдарды қандай жағдай болса да әйелге қол көтермеуге шақырып отыр. Жазасын өтеуші бостандықта жүрген ер адамдарға «Ішімдікке жоламаңыздар. Отбасын барында бағалай біліңіздер» деген аманатын айтты.

Әйелін өлтіріп, темір тордың артында жазасын өтеп жатқан екінші адамның да оқиғасы осыған ұқсас.

«Келіншегімді ұрып өлтірдім. Жағдай 2019 жылы болды. Тоғыз жылға бас бостандығымнан айырылдым. Мас күйде

жатады. «Әйелі «Мен бәріне тойдым, кетемін, ажырасамыз» деген уақытта ер адам өзіне «тиесілі» «меншігінен» айырылып қалмауға тырысып, барын салады. Әрине, бастапқыда әлемдегі бар жақсы сөздерді теріп айтып, әйелін өзімен бірге қалуға көндіруге тырысады. Кейде оған күш қолданып, тоқтамастан ұрып-соғуы мүмкін. Тіпті, қанша сокқы алса да, әйелінің өзіне оралмайтынына көзі жеткен кезде, ер адам оны өлтіріп қойып жатады. Бұл өте қорқынышты. Сондықтан қазіргідей стресске толы заманда әйелге де, ерге де психологтың көмегі керек. Өйткені адам өмірге азап көру үшін келмеген», — дейді психолог маман.

Өкінішке қарай, зорлық-зомбылық бір отбасының ғана емес, тұтас қоғамның қасіретіне, ауыр жарасына айналып барады. Бір ғана Атырау облысында отбасындағы зорлық-зомбылық деректері бойынша, жыл басынан бері полицияға 3 667 хабарлама келіп түскен. Оның ішінде, 400-ден астам құқықбұзушылық қайталанған. Бір қарағанда, мұның барлығы статистикалық деректер болып көрінуі мүмкін. Бірақ әрбір санның артында шынайы оқиғалар, ауыр зардаптар, мәңгілік өкініштер жатыр.

Баян ЖАНҰЗАҚ,  
Атырау облысы



## ЗЕРДЕ

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Бүгінде роботтар өмірімізге деңдеп еніп, барлық салада құлтемірлердің көмегіне жүгінетін деңгейге жеттік. Ал сарапшылар алдағы 20 жылда адам істейтін жұмыстың тең жартысын роботтар атқаруы мүмкін дейді. Тіпті, өркениет кеш жететін ауылдарда да шопандар робот-дрондардың көмегімен мал бақса, диқандар егіндіктерін қадағалап отыр. Қысқасы, біздің заманымыз – робототехника заманы. Ендеше бұл саланың мүмкіншілігі қандай, елімізде қалай дамып жатыр?

# РОБОТОТЕХНИКА – БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

**А** Наурызбек САРША

ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ АЛҒАШ РОБОТОТЕХНИКА ҒАЛЫМ

Академик Өмірбек Жолдасбеков туралы біреу білсе, біреу білмес. Ол еліміздің жоғарғы білім беру саласына, парламентариясына, Ұлттық инженерлік академиясының қалыптасып, оның дамуына ерен еңбегі сіңген ғалым ретінде танымал. Дегенмен де сан қырлы, сом тұлғалы мемлекет және қоғам қайраткерінің әлемге әйгілі болуында академиктің ғылым саласындағы соның ішіндегі машина жасау және робототехника салаларындағы еңбектерінің орны ерекше. Әрбір мемлекеттің экономикалық дамуы сол мемлекеттің машина жасау саласының дамуына тығыз байланысты болса, академик Жолдасбеков – осы машиналар және механизмдер теориясын Қазақстанда қалыптастырып дамытқан ғұлама ғалым, мехатроника және робототехника ғылымдарының негізін қалаушы.

Әлемде параллель роботтарды зерттеу халықаралық деңгейде жақында қолға алынып жатса, академик Жолдасбеков параллель роботтардың негізі болып табылатын жоғары класты механизмдерді зерттеуді өткен ғасырдың алпысыншы жылдары М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетінде дәріс алып жүргенде IFToMM президенті академик И.Артоблевскийдің ғылыми жетекшілігімен бастаған болатын. Осы ғылыми бастаманы Өмірбек Арыстанұлы қазақ еліне кеңінен таратып, қажымас және екіпінді мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарымен ұштастыра отырып, өз шәкірттерімен бірге жазық және кеңістік жоғары класты механизмдер теорияларын құрды, жүздеген ғылым кандидаттары мен докторларын даярлады, отандық және шетелдік патенттермен қорғалған теңдесі жоқ параллель манипуляторлардың жаңа түрлерін жасады. Яғни, академик Жолдасбеков еңбектері – параллель роботтардың қайнар бұлағы. Бұл күндері Өмірбек ағаның ғылыми мектебі өзі көп жылдар бойы ректорлық қызмет атқарып, еңселі қабырғасын көтерген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалғасын табууда. Университетте «Сандық технологиялар және робототехника» ғылыми-білім беру орталығы ашылып, «Робототехника жүйелері» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура, докторантурада көптеген студент дәріс алууда.

ЕЛІМІЗДЕ ҚАЛАЙ ДАМЫП КЕЛЕДІ?

Робототехника Қазақстанда 2010 жылдан бастап білім беру мекемелеріне енгізіле бастады. 2019-2020 оқу жылынан бастап «Робототех-



ника» 3-4-сыныптарға, 2020-2021 жылы 5-сыныпқа, 2022-2023 оқу жылы 2-сыныпқа еніп, оқытылуда.

Биыл тамыз айында еліміздегі мектептерде робототехника оқытатын мыңнан аса кабинет ашылатыны туралы хабарланған еді. Оқу-ағарту министрлігі білім беру ұйымдарының жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындығын жүйелі тексеру жұмыстарын аяқтап, осындай мәлімдеме жасаған болатын. Министрліктің жазуынша, робототехника, химия, биология, физика және STEAM-бағыттарға арналған 1 383 пәндік кабинет сатып алу бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Осы ретте «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының Медиа қолдау бөлімінің басшысы Ажар Рахлетоваға хабарласқан болатынбыз. Ол бұл саладағы соңғы жетістіктермен бөлісті.


«Биыл 9 және 10 қаңтарында Қаскелең қаласындағы SDU базасында мамандандырылған білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған Роботтар фестивалі өткізілді. Жарыстың ұйымдастырушылары – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы және USTEM Robotics қоғамдық қоры болды. Фестивальге робототехникамен айналысатын 400 оқушы қатысты. Фестиваль FIRST халықаралық ережелері бойынша үш санатта FLL Explore (6-10 жас), FLL Challenge (10-16 жас) және FTC (12-18 жас) өткізілді. Сондай-ақ биыл ақпан айының соңында Астана қаласында өтетін FIRST Robotics Орталық Азия чемпионатына қатысу құқығына ие болған 17 команда анықталды. Сонымен қатар Астанада робототехника бойынша Орталық Азиядағы ең ірі чемпионат өтті. Оған әлемнің 5 елінен 3 000-нан астам оқушы қатысты. Олар Қазақстанда және шетелдерде өткен іріктеу чемпио-

наттарында үздік шығып, квота алған 200-ден астам команда болатын. Бұл әлемнің түрлі елдерінен келген балалар, тәлімгерлер мен ата-аналар қатысқан ауқымды чемпионат болды. FIRST балалардың шынымен қызығушылығын оятады және біздің елімізге мектептен бастап, жас инженерлер мен жаңашылдардың мықты қауымдастығын құруға көмектеседі. Жарыс қорытындысы бойынша, жеңімпаздар американдық Хьюстонға жолдама ұтып алды.

Тағы бір жаңалық, Қазақстанның атынан FIRST LEGO League Challenge халықаралық ашық чемпионатына Батыс Қазақстан облысы Оқушылар сарайының тәрбиеленушілері қатысқан болатын. Того D'ого командасының құрамына 9-10-сынып оқушылары Төрехан Асхатұлы, Нәдір Мәжит, Райымбек Ғабдуллин, Адлет Сейтенов, Алислам Құрманғалиев, Таир Назар, Әлихан Серік кірді. Олар 50 елден келген 108 команда арасында ел намысын қорғады. Жарыс АҚШ-тың жетекші жоғары оқу орны – Вустер политехникалық университетінде өтті. Үш күнге созылған чемпионаттың қорытындысы бойынша, команда мүмкін болатын 550 ұпайдан 500 ұпай жинап, 10 ең күшті роботтар ойыны рейтингіне енді. Тағы сондай қуанышты жаңалық, Қытайдың Гуанчжоу қаласында робототехника бойынша China FTC Guangzhou Offseason Event халықаралық чемпионаты өтті. Жарысқа 200-ден астам оқушы қатысты, оның ішінде Қазақстаннан келген екі команда да үздік нәтижелер көрсетті», – дейді Ажар Төлепбергенқызы.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР РОБОТОТЕХНИКАДАН ҮШ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Биыл Грекияда робототехникадан ең ірі чемпионат FIRST Global Challenge өткен болатын.



Қазақстандық оқушылар бірнеше бағыт бойынша көш бастап қана қоймай, 190 елдің арасынан басты жүлдені жеңіп алып, рекордтық нәтижеге қол жеткізді. Осылайша, Қазақстан құрамасы үшінші жыл қатарынан өзінің чемпиондық титулын дәлелдеп келеді. Команданың құрамына Алматы қаласының ФМБ НЗМ-нің оқушылары: Ердаулет Түргенбаев, Әлфия Байжакып, Нұржан Көкеев, Досжан Дайран және Қадылбек Дастан енді. Жаттықтырушылары – Нұрдаулет Досмағамбет пен Дулат Байтуленов. Grand Challenge Award номинациясы бойынша алтын медаль мен ойындардағы рекордтық ұпай санынан басқа, қазақстандық құраманың жүлде қоры жоғарғы төрешілер номинациясында екі күміс медальмен толықты: А.Эйнштейн атындағы FIRST Global International Excellence және үздік инженерлік әзірлемелер үшін Robots Skills Challenge. Бұдан басқа, әл-Хорезми атындағы Outstanding Supporter номинациясында күміс медальмен отандық USTEM FOUNDATION жас инженерлерге көрсеткен қолдау үшін марапатталды. Оның алдында Қазақстан 2022 жылы Женевада, 2023 жылы Сингапурде жеңіске жеткен болатын. Ұлттық құрама Оқу-ағарту министрлігінің, «Дарын» РҒПО-ның, Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен робототехникадан іріктеу кезеңдерінде құрылды. Бұған дейін әлемнің бірде бір елі екі дүркін чемпион бола алмаған екен. Қазақстандық дарындар үшінші жыл қатарынан жеңіс тұғырынан көрінді. Ал команда құрамы осы жылдарда қайталанған емес, еліміздің намысын қорғауға әр жарысқа үнемі жаңа ойыншы аттанып отырады, олар сайыстың ұлттық кезеңінде іріктеледі.

Осы ретте USTEM FOUNDATION қорының негізін қалаушы, басшысы Асылбек Мұрзахметовпен байланысқан болатынбыз.

«Біз төрт жыл ішінде біз Қазақстанда және жалпы Орталық Азияда үлкен жұмыс жасадық. Елімізге FIRST: for Inspiration and Recognition of Science and Technology бағдарламасын әкелдік. Бұл – 192 ел қатысатын әлемдегі бірінші STEM бағдарламасы. Жұмыс барысында біз 20 000-ға жуық баланы қамтыдық. Біз үш бағытта жұмыс жүргіземіз: өз бағдарламаларымызды іске қосамыз, өңірдің инфрақұрылымын дамытуға көмектесеміз, зертханалар, шеберханалар ашып, мұғалімдерді, болашақ жаттықтырушыларды оқытамыз. Бірақ біздің жұмысымыздың негізі мен жүрегі – біз өткізетін

іс-шаралар, Робототехника бойынша жарыстар. Бүгінгі таңда біз 40-қа жуық жарыс өткіздік. Енді олар тіпті қалалар мен ауылдарда да өтетін болады. Астана мен Алматыда ірі іс-шараларды өзіміз өткізсек, ал өңірлерде өкілдеріміз бар. Мен білім саласында 10 жыл болдым. Қор құрылғанға дейін түрлі мектептерде, соның ішінде Алматы қаласының НЗМ-де жұмыс істедім. Онда әріптесім екеуміз Қазақстанда алғашқы STEM-зертханасын аштық. Қазақстан мемлекет ретінде STEM-білім беруді дамытуға көп көңіл бөледі. Робототехника кабинеттері, STEM – кез келген мектепте міндетті болып тұр. Ал үлкен мәселе тек кадрларда. Егер біз мемлекет ретінде осы инфрақұрылымға кадрлар дайындап, барлық балалардың әділ қол жеткізуін қамтамасыз ете алсақ, болашақта бұл үлкен оң нәтиже береді. Әдебиет, музыка, STEM пәндері сияқты барлық дерлік мектеп пәндері үлкен өзгерістерге ұшырайды. Мектептер де, мемлекет те бұған дайын болуы керек. Болашақтың білімі балалардың психологиясына және біздің санамызды жаулап алатын жаңа технологияларға бейімделуі керек. Кадрлық ашық пен қаржыландыруда қиындықтар туындаған кезде мұны істеу қиын. Сондықтан білім беру мәселелеріне тек мұғалімдер мен мектеп директорлары ғана емес, сонымен қатар ата-аналар, бизнесмендер және әр адам өз деңгейінде қатысуы керек. Барлығы білімге мүмкіндігінше инвестиция салуы керек», – дейді қор басшысы.

Түйін:

Соңғы мәліметтерге сәйкес, бүгінде әлемде өнеркәсіптік, тұрмыстық, ойыншық роботтардан бастап, 1,8 миллион түрлі робот жұмыс істейді. Бұл ретте роботтардың ең көбі Оңтүстік Кореяда қолданылады, екінші орынды – Сингапур, үшінші орынды – Жапония, одан кейін АҚШ, Қытай иеленді. Ал Қазақстанда роботтар әлемдік нарықтың шамамен 0,25%-ын құрайды, бұл өте аз. Қазіргі жаһандану, инновациялық жанару заманында роботтардың алатын орны өте ерекше. Себебі қазіргі заман – роботтардың кезеңі. Ақпарат алу, жәрдем беру, үй шаруасындағы қызметтердің 50 пайызын біз үшін роботтар жасайды. Демек, «білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік».



## ПАРАСАТ

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Ағылшын жазушысы Уильям Макнил The Rise of The West кітабында: «Мемлекет басқару сапасы қоғамдағы ұйымдасқан топтарға ғана емес жеке тұлғалардың басқару жүйесіне тікелей қатысуына байланысты» деп жазады. Тәуелсіз Қазақстанның басқару жүйесіндегі мекемелердің өсіп, дамуына ерекше ықпал еткен факторлар көп болды. Соның ішінде мемлекет құрылысының, қоғамдық тұрақтылық және экономиканы жаңа сапа деңгейіне көтеру жұмысына бар орталық мекемелер, министрліктер жаңа талаптарға талпынып, бұрын болмаған міндеттерді игеруге жұмыла кірісіп кетті. Осы қиын да қызық бейбіт майданда жаңаша көш бастай алатын білікті мамандар шыға бастады. Солардың бірі – 1996-1998 жылдары республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетіне мүшесі болып, ал 2003-2012 жылдары осы органға басшылық еткен азамат Омархан Өксікбаев.



Мемлекеттік органдарды басқарып отырған мамандардың, олардың ынтасы мен қабілетіне байланысты дүниелер көп. Біріншіден мекеме аясында сол органның стратегиялық жоспарын белгілеу. Мұндай жұмыста назарға ең бастысы – қоғамдағы осы орган аясында жүріп жатқан жұмыстарға, әсіресе олардың нәтижесіне қандай сұраныс бар екенін анықтау. Мұндай жоспар мемлекеттік тұрғыда қандай міндеттер және қоғам тарапынан қандай сұраныстар бар – бәрі алдын ала анықталуы қажет. Екіншіден, Ата Заңға сүйене отырып, қаржы саласындағы өзгерістерді ескере тұра мемлекеттен бөлінген шығындардың заңды түрде игерілуін нағыз қатал тексеру жұмысын жолға қою. Есеп комитеті Парламентте қабылданған Бюджет заңының мүлтіксіз орындалуын бақылау жұмысын ел экономикасының өрлеу қарқынына елеулі ықпал көрсете алуына қарқынды қол жеткізуі өте маңызды мәселе. Үшіншіден, өркениетті елдерде қалыптасқан тәртіп бойынша қабылданатын заңдар мен шешімдер мемлекеттегі қаржы саласында жүргізілетін жұмыстар жинақы жұмылған әрі үйлесімді болуын талап етеді. Есеп комитетінде сол жылдары бюджет саласында бар негізгі әлеуметтік проблемалар: кедейлік пен жұмыссыздық, әлсіз инфрақұрылым, білім мен денсаулық сақтау болатын. Міне, сондықтан жүргізілетін жұмыстар нәтижесі және сапасы мекемені басқаратын маманның өмірлік тәжірибесіне, ең жоғарғы деңгейдегі кәсіби біліміне байланысты. Сондықтан мемлекетіміздің жаңа құрылымдарының арасында шоқтығы биік осы органды табандай тоғыз жыл басқарған азамат Омархан Өксікбаев білімді, тиянақты, сабырлы басшы екенін сол жылдары дәлелдеді.

Есеп комитетінің әр жылдың қорытындысы бойынша, Парламент Мәжілісі мен Сенаттың алдында жасайтын баяндамасында бүкіл мемлекет аумағында орын алған жетістіктер мен кемшіліктер туралы егжей-тегжей талдау жұмысының қорытындысы айтылады. Міне, бұл – мемлекет дамуына өте зор ықпал көрсететін, ақпараттық жағынан болсын, жаңа заңдарға өзгерістер енгізу жағынан болсын өте маңызды құжат. Оның келесі жылдардағы қаржыны тиімді игеру жұмысына да көрсететін маңызы жоғары. Сондықтан бұл құжаттың мазмұнын Есеп комитетін басқарып отырған азаматтың ақыл-ойы, ғылыми және білім деңгейіне байланыстыруға болады.

Айта кету керек, комитеттің сол кездегі өткізген тексерістерінің қорытындысында анықталған кемшіліктердің басым көпшілігі әлеуметтік салаға тиесілі

## БІЛІКТІ МАМАН, ІСКЕР БАСШЫ

болып отырды. Әсіресе, денсаулық пен оқу мекемелері, мәдениет саласына бөлінген қомақты қаржылардың көптеген кемшіліктермен және олқылықтармен игерілгендігі анықталып, фактілермен расталып жатты. Үкімет тарапынан осы кемшіліктерді жою жұмыстары да жақсы қарқынмен ұйымдастырылды.

Осының салдары болар, Дүниежүзілік банк жаңадан шығарған «Қазақстандағы кедейлік пен теңсіздікті бағалау» тұжырымдамасында (2024 жылы) айтылғандай, соңғы 15 жылда кедейшіліктің төмендеуі айтарлықтай болды. Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша 2006-2021 жылдар аралығында 5,9 миллионға жуық адам кедейшіліктен құтылды, кедейлік деңгейі 49,5 пайыздан 8,5 пайызға дейін төмендеді. Қазақстандағы кедейшілікті қысқарту табысы ортадан жоғары және жоғары елдер арасында айрықша түрде орын алды делінген. Әсіресе, 2006 жылдан 2013 жылға дейін кедейлік 78 пайызға төмендеді, өйткені кедейлік деңгейі 49,5 пайыздан 11,1 пайызға түсті.

Осы кезеңде индустриалды даму және бүкіл экономиканы диверсификациялау бойынша да күрделі тексерулер болды. Себебі бұл бағытпен тығыз байланысты еліміздің алпауыт компаниялары мен қаржыландыру институттарына (банктеріне) бөлініп және игеріліп жатқан бюджет қаражатының көлемі қомақты болатын. Ел экономикасының жаңа салаларын дамыту жоспарлары қоғамның басқару жүйесін ғана емес, қарапайым көпшілікті де алаңдататын. Сондықтан осы бағдарламаларды жүзеге асыру кезінде жіберілген кемшіліктерді сараптаудың арқасында ілгері жылжи алмай жатқан реформалардың түбірі қайда екенін анықтауға қол жеткізілді. Әрине, қомақты қаржыны игеруге қатысқан министрліктердің, үлкен холдингтердің лауазымды қызметкерлері өз саласындағы жіберілген кемшіліктерді ақтап, қолайсыз фактілерге себеп болатын факторларды тізбелеп жататын. Міне, осы жұмыста Есеп комитетінің отырысын жүргізіп отыратын басшының білімі мен тәжірибесі жеткіліксіз болса, анықталған кемшіліктерді дәлелдеу қиынға соғатын еді. Әрине, Омекең бұл жұмыстың тетігін жақсы меңгерген маман болған соң бюджет қаржы-

сының талай тиімсіз игерілген жолдары орнықты дәлелденді.

Тағы бір айтып кететін жайт, Омархан Нұртайұлы кейіннен өзі Парламент Мәжілісі депутаты болып сайланған кезде (2012-2020 жылдар) Есеп комитетінің тексеріс нәтижелері арқылы анықталған республикалық бюджеттің негізсіз игерілген бағыттарын талқылау процесіне Парламент мінбесі арқылы тікелей қатысып жүрді. Омекең Есеп комитетінің күшімен республика экономикасының негізгі салаларына заң арқылы бекітілген

“ *Есеп комитетінің әр жылдың қорытындысы бойынша, Парламент Мәжілісі мен Сенаттың алдында жасайтын баяндамасында бүкіл мемлекет аумағында орын алған жетістіктер мен кемшіліктер туралы егжей-тегжей талдау жұмысының қорытындысы айтылады.*

қаржыландыру бағыттары заманауи методикалармен сарапталып, әрбір жіберілген қателік дербес фактілермен дәлелденіп отырылуына да депутат ретінде көп көңіл бөлді. Омархан Нұртайұлы – Парламент депутаты ретінде Үкіметтің бюджетті игеру жұмысына берілетін баға ақпарат құралдары арқылы қоғам мен халық алдында жария болуына көп тер төккен азамат.

Парламент қабырғасында Омархан Нұртайұлы анықталған олқылықтарға кәсіби баға беріп, стратегиялық бағыттарға қатаң бақылау, есептілік пен жауап-

кершілік жүйесі керек деген талап қоюшылардың қатарында болатын. Сонымен қатар осындай кемшіліктер қайталанбас үшін қарастырылатын іс-шаралардың тізбесін мұқият тексеретін. Есеп комитетінің сол кездегі заңдастырылған жұмыс бағыттарын өркениетті елдер қатарына тарту ама-лымен Омархан Нұртайұлы комитеттің жұмыс бағыттарын жаңа кеңейтілген заңмен бекітуге депутаттық қолдау көрсетіп, үлкен жұмыс атқарды.

Әлбетте, жаңа заң дайындап және осы заңнамалы өзгерістерді дәлелдеу үшін Омархан Нұртайұлы комитеттің шетелдік қатынастарына ерекше көңіл бөліп, көптеген өркениетті елдің аудитор палаталарымен бірігіп семинарлар ұйымдастыру тиімді жол екенін дұрыс түсінді. Мұндай шаралар Есеп комитетінің мүшелері мен қызметкерлерінің білімін кеңейтті, жұмыс бабында пайдаланатын методикалық әдістемелердің жаңа түрлері іс жүзінде енгізілді. Басқа мемлекеттердегі әріптестеріміз еліміздің Есеп комитеті бюджет тексеру саласында өзіндік жолын қалыптастырып отырғанына куә болып, жоғары баға беріп жатты.

Омекең Есеп комитетін басқарған жылдары бірнеше үлкен ғылыми конференция ұйымдастырылды. Мұндай шараларға келген шетел аудитор палаталарының басшылары мен қызметкерлері баяндамалар жасап, бюджет тексеру органдарының болашағы мен осы органдардың методологиялық даму мәселелерін өте жақсы талқылауға салып және осы жұмыстың нәтижесінде еліміздегі қаржы тексеру саласына көптеген ұсыныстар кіргізді.

Осындай ауқымды ізденістер мен методологиялық жаңа тетіктер ғылыми тұрғыдан үйлесімді болуы үшін Омархан Нұртайұлының ұсынысымен Есеп комитетінің жанында бюджет игеру жұмыстарын талдау орталығы құрылды. Бұл орталықта Есеп комитеті ұсынып отырған методологиялық тұжырымдарын мемлекеттік органдар алдында дәлелдеу тетіктері қарастырылып, шетелдік мысалдармен қосымша бекітіле бастады. Бұл орталықта Есеп комитеті ғана емес, бүкіл өңірлерде орналасқан мәслихаттардың ревизиялық комиссияларының еңбегіне методикалық қолдау көрсетіліп жатты. Осының бәрі осы күнге дейін бүкіл республика бойынша бюджет қаражатын тиімді игеру жұмысына үлкен ықпалын қосып, тексеру методологиясын жаңа биіктерге көтеруге көмектесіп отыр.

Бірге қызмет еткен жылдарда Омархан Нұртайұлының жоғарғы деңгейдегі мемлекет қайраткері ретінде қалыптасқан, ақылы мен ары халыққа шын ниетімен қызмет етуге бағытталған азамат екеніне көзім жетті. Омекең талапшы, еңбекқор, кішіпейіл басшы екенін көрсете білді. Қызмет бабында туындап отырған күрделі мәселеге әріптестерімен, Есеп комитетінің мүшелерімен, қызметкерлерімен жан-жақты талқылау арқасында ақылдаса шешімге келу Омекеңнің негізгі қағидасы болды. Мемлекет органдары және өңір басшыларымен бюджет игеру жолдарын жан-жақты сараптап, сабырлы саясат арқасында тиімді шешімдер табылып отырды. Оның атқарған жұмыстары мен қолданған саясаттарының астарын ашу бүкіл қоғамға, әсіресе болашақ мамандарға, өсіп келе жатқан жас басшыларға қажетті ақпарат болатыны күмәнсіз.

**Төрехан ҚОСЖАНОВ,**  
экономика ғылымдарының кандидаты



## ӨЗЕКТІ

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Биыл рекордты өнім жинадық деп жергілікті билік пен Үкімет бөркін аспанға атқанымен, шаруалардың қабағына қалың мұң ұялаған. Әсіресе, жерден нәсіп тапқан ақмолалық аграрлық шаруашылықтардың жағдайы күн сайын күрделеніп барады. Астық мол болғанымен, бидайдың бағасы тым төмен. Ал шаруалар жылға жуық уақыт бұрын түсуі тиіс субсидия қаражатын күні бүгінге дейін ала алмай жүр. Бүгінде облыс аумағында ауылшаруашылық тауар өндірушілер алдындағы субсидиялық қарыздың көлемі 37 миллиард теңгеден асып жығылған. Құрғақ уәдеден жалыққан шаруаларға «келер жылы мүлдем субсидия болмайды» деген министрдің сөзі тіпті ауыр тиді. Бюджеттің бүйірінде шаруаның жыртығын жамайтын субсидия төлейтін қаражаттың табылмауы онсыз да шығынға белшесінен батқан фермерлерді қу тақырға отырғызса қайтеміз?



**А** Абзал  
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

Ақмолалық аграрлық шаруашылықтар қазір субсидияны күтіп сарыуайымға батып отыр. Көктемде алдағы егін орағынан түскен кірістен төлеймін деп келісіп алған несиелік қарыздары қос өкпесінен қысып, бітпейтін шырғалаңға айналған субсидияға қол жеткізе алмаған шаруалар шаш етектен шығынға батқан. Зеренді ауданына қарасты «Беккожа» шаруа қожалығының жетекшісі Сәбира Беккожина да субсидия болмауынан несиелерін төлеуде қиындық туғанын, қиналса да қалтасынан көтергенін айтады.

— Бізге төленбеген субсидиямен барлық қарызымызды жабуға болар еді. Сомасы өте үлкен. Әзірге бұл қаражат бізге жеткен жоқ. Тіпті, қашан келетіні де белгісіз. Субсидия бірінші кезекте гербицид шығындарын, екіншіден, алған несиелеріміздің пайыздарын жабуға тиіс едік. Сонымен қатар инвест-субсидиямен екі бірдей трактор алғанбыз. Оның бәрін де өзіміз жауып отырмыз. Ешкім несиені төлей алмай мерзімінен кешіктіріп банктің пайызын арқалағысы келмейді, — дейді кәсіпкер Сәбира Беккожина.

Ал мемлекет келер жылдан бастап субсидия мүлдем төлемейтінін айтқан Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың мәлімдемесі шаруалардың төбесінен жай түсіргендей әсер еткен. Министрдің сөзіне сенсек, субсидияның орнына ендігі кезекте бес пайыздық несиелер берілмек.

«Пайыздық мөлшерлемені субсидиялаудың орнына шаруаларға жеңілдетілген қаржыландыру беріледі. Яғни, шаруа таза 5%-бен несиені алып, бұрын субсидиялармен өтелген пайыздық мөлшерлемелер тікелей қаржы институттарына жіберіледі», — деген еді министр.

Ауыл шаруашылығы министрілігі қолданысқа енгізілетін жана жүйе шаруаларға берілетін көмекті жеңілдетеді деген сенімде. Яғни, министрлік фермер, банк және мемлекеттік органдармен жасалатын ұшжақты келісімшарт едәуір ыңғайлы екіжақты келісімшартқа ауыстырылып қолданылатынын айтады. Бұл аграрлық шаруашылықтарды қағазбастылықтан құтқарып, ақша алуды жеделдетеді деген пайым-

## Ең, СУБСИДИЯ, СУБСИДИЯ



**Шаруалар өз қарыздарын астықпен өтеуді ұсынған. Бірақ бұған бағдарлама мүмкіндік бермейді. Шаруалардың көпшілігі бұл жағдайдан кейін банкротқа ұшырауы мүмкін екенін айттып зар илеп отыр. Ал жергілікті билік өкілдері шаруаларға қарызды қайтаруда мемлекеттің барынша түсіністік танытып отырғанын айтады.**

да. Бірақ уәденің орындалуына кепілдік бар ма? Өзгерістер шаруалардың көңіліне күдік ұялатпаса, қуанта алмай тұр. Шаруалар несиені мөлшерлемелері ғана емес, жалпы астық өсіру жыл сайын қиындап бара жатқанын алға тартады.

— Элеваторлар аузы-мұрнынан шығып толып тұр. Билік тікелей сатып алу болады деп бидайды класстары бойынша белгілеген. Бірақ негізінен бәрімізде төртінші класты бидай. Үшінші класты бидай өте аз. Нарықтағы баға да төмен. Біз гербицидке субсидияға өтінім

бергенбіз. Өтінім қабылданып қол қойылғанымен, гербицид үшін төлем әлі жоқ. Біреулер алып, біреулер әлі күтіп жүр. Біз әлі күтудеміз. Қазір бидайымызды сата алмай отырмыз. Түскен өнім үшін төлем жүргізу де қиын. Қандай да бір бөлігін өзіміз төлесек, бір бөлігін субсидиямен төлейтінбіз. Техника сатып алуға инвест-субсидиялар да түскен жоқ. Өтінімдер қабылданғанымен, әлі күтіп отырмыз, — дейді Ақкөл ауданындағы «Урюпинский» ЖШС-ның басшысы Геннадий Бочин.

Облыс әкімінің орынбасары Мұрат Балпан жағдайдың аса күрделі екенін мойындап, мемлекеттің отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдауға барлық шараны қабылдап жатқанын атап өтті.

— Расында да, биыл біз өте жақсы өнім алдық. Бірақ енді оны сату мәселесі туындап отыр. Бүгінде нарық тоқтап тұр. Шаруалар өсірген өнімін сататын баға жоқ. Бұл біздің елден шетелдіктердің сатып алуымен де тікелей байланысты. Ең бастысы, баға іс жүзінде аса төмен болып тұр. Аграрлық шаруашылықтардың қарыздары, несиелері бар. Оларға әрі қарай жылжу үшін қолдау керек. Осыған байланысты мемлекет тікелей сатып алуға 10 миллиард теңге бөлді. Яғни, ұсақ және орташа ауылша-

руашылық тауар өндірушілерден астық сатып алынбақ. Өтінімдер қабылданып жатыр, — дейді Мұрат Балпан.

Әкім орынбасарының айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасымен 1 желтоқсаннан бастап «Кендала-2» бағдарламасы бойынша жеңілдікті несиелер берілмек. Ақмола облысында қазірдің өзінде 32 миллиард теңгеге өтінім жасалып қойған.

— Біз Премьер-Министрдің атына орталық мемлекеттік органдарға келесі жылдың наурызына дейін несиелерді төлеу немесе мерзімін ұзарту үшін хат жолдадық. Орталық аппараттан келіп бірқатар шаруашылықты көріп, олардың несиелеріне пролонгация берілетін болды, — деп толықтырды Мұрат Балпан.

Дегенмен шаруалар үшін ең басты әрі толғақты мәселе субсидия болып отыр. Әкімдік шаруа-

лардың алдындағы субсидия қарызының аса ірі көлемде екенін мойындады. Бүгінде субсидия қарызы 37 миллиард теңгеге жетіп жығылған. Барлық өтінім жолданып, кезең-кезеңімен қаржыландыру күтілмек.

Жыл сайын Азық-түлік келісімшарт корпорациясы іс жүзінде «Көкше» ӘКК кепілдемесімен шаруалардан астықты форвардтық әдіспен сатып алады. Алайда астық мол шыққанымен, бидайдың бағасы төмен болғандықтан, мемлекет алдындағы қарызын өтеуге көп шаруаның қауқары жетпейді. Мәселен, ақмолалық шаруалардан биылғы форвардтық сатып алуға 9 миллиард теңгеден астам қаржы қарастырылса, оның тек 70 пайызы ғана кері қайтарылғаны белгілі болды.

— Иә, қазір қабылданған міндеттемелерді қайтару жүріп жатыр. «Көкше» ӘКК-і кепілдік еткен. Бүгінде облыста барлық берілген несиенің тек 50 пайызы ғана кері қайтарылған. Кері қайтару әлі жалғасып жатыр. Жауапкершілікке келсек, әр аудан әкімі несиелер мен қарыздар беру үшін кепілді міндеттемелер ұсынған. Сондықтан аудан әкімдеріне де жауапкершілік жүктеледі. Қайтару міндеттемелері мерзімі аяқталғаннан кейін ақшаны қайтармаған аймақтардың басшыларына қатысты да тәртіптік сипаттағы шаралар қабылданып болады, — дейді облыс әкімінің орынбасары Мұрат Балпан.

Шаруалар өз қарыздарын астықпен өтеуді ұсынған. Бірақ бұған бағдарлама мүмкіндік бермейді. Шаруалардың көпшілігі бұл жағдайдан кейін банкротқа ұшырауы мүмкін екенін айтып зар илеп отыр. Ал жергілікті билік өкілдері шаруаларға қарызды қайтаруда мемлекеттің барынша түсіністік танытып отырғанын айтады.

Егер қарызды ақшалай алса, ақшалай қайтаруға тиіс. Біз келесі жылдың 31 қаңтарына дейін қарыз мерзімін ұзарту жөнінде хат жолдадық. Яғни, аграрлық шаруашылықтардың әлі екі айға жуық уақыты бар. Бірақ ешкімді бұл мәселемен жеке өзін қалдырып жатқан жоқ. Мемлекет қолдау жасайды, — деп толықтырды облыс әкімінің орынбасары.

Жалпы, бүгінде облыстың егістік алқаптарының 90 пайыздан астамына бидай егіледі. Өңірде өткен алғашқы шаруашылық форумында облыс әкімі аймақта негізінен бидайдың монокультураға айналғанын ескеріп диверсификация жүргізуді тапсырған. Нақты есеп-қисап өңірде тиімділігі жоғары дақылдардың небәрі 260 мың гектарды құрайтынын көрсеткен. Сондықтан облыс әкімінің орынбасары диверсификация өткізіп, едәуір тиімді дақылды егуге көшу қажет екенін айтты.

P.S.

**Қалай дегенмен де шаруалардың шатқаяқтаған жағдайын реттеуде құзырлы министрлік пен әкімдік тиісті шараларды дер уақытында қабылдаса, мыңдаған шаруаның банкротқа ұшырау қаупі ықтималдығы жоғары болып тұр.**



## ТІРШІЛІК

21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Астананың орталық саябағындағы шаңғы роллері тасжолында «Табиғатпен ұштасу» атты отбасылық эстафета өтті. «Табиғатпен ұштасу» деп аты айтып тұрғандай, табиғат аясында, таза ауада, аппақ мамыққа оранған далада шаңғымен жарыса өнер көрсету – адам жанын жадыратып, рақатқа бөлейтіні анық. Табиғат-Ана – күллі тіршілік атаулының қасиетті мекені, туған өлкесі. Сондықтан табиғатпен етене тіршілік кешу, оны қорғау және табиғат аясында қоршаған ортаның сан алуан игілігін сезіне білу саналы адам үшін қастерлі де. Табиғат аясында демала білу, оны қорғай алу мәдениет десек, адам денсаулығы мен ішкі жан дүниесінің тыныштығын Табиғат-Анамен ұштастыра білу өнер. Күнделікті өмірде қайталап айта беретін экологиялық мәдениет пен экосана туралы ұғым әдетте саламатты өмір салтына баулитын спорттық жарыстар мен спорттық түрлі іс-шара арқылы қалыптасады. Ал жекелеген адам және тұтас отбасын жұмылдыру арқылы қорғамды табиғатты аялауға, қоршаған орта тазалығын сақтауға және табиғатпен үндесе таза ауада ойын ойнап, демала білуге дағдыландырудың жөні бөлек.



# «Табиғатпен ұштасу» –

# САЛАМАТТЫ

*үйлесім*

Ұйымдастырушылардың айтуынша, эстафетаның мақсаты – отбасылық байланысты нығайту және қатысушыларды табиғатпен белсенді өзара әрекеттесе білуге баулу, балалар мен ересектердің бойында қоршаған әлемге құрмет ұғымын қалыптастыру, табиғатқа жауапкершілікпен қарауды, қоршаған ортаны қорғауды үйрету және экосана мен экологиялық қалыптасуына үлес қосу.

– Отбасылық эстафета Президентіміздің бастауымен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында өткізілді. Отан – отбасынан басталады. Әрбір жас бала өзінің ата-анасына қарап үлгі алатындықтан, ісшараның тәрбиелік мәні зор. Осы эстафетаның арқасында қатысушылар тазалық сақтаудың маңыздылығын түсінеді деп ойлаймын. Қыс мезгілінде осындай эстафеталарды өткізудің өзіндік ерекшелігі бар. Таза ауада қыстың суығына қарамастан, спорттық іс-шараға қатысудың өзі ерекше әсер сыйлайды. Сондықтан «Шаңғы роллер» тасжолын таңдадық. Бұл жер өте керемет. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Әлі де көптеген турнир мен жарыс өткізіп, Астанамыздың спорт мәдениетін көтеруге атсалысамыз, – деді Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ спорттық-бұқаралық іс-шараларды жоспарлау бөлімінің басшысы Көлбай Жанбек.

Эстафетаға әр командада 3 адамнан (әкесі, анасы және баласы) құралған 15 отбасы қатысып, өзара бақ сынады. Жарыс барысында отбасылық әуесқой спортшылар төрт түрлі сайыста (эста-



феталық жүгіру, доппен жүгіру, шайба таяғымен допты межеге жеткізу, допты қоқыс жәшігіне дәл түсіру) өнер көрсетті.

– Отбасымызбен бірге осындай эстафетаға бірінші рет қатыстым. Көңіл күйім тамаша. Спортпен күнделікті айналыссақ та, жарыстағы атмосфераның орны бөлек. Бәсекелестік жоғары деңгейде болды. Бос уақытымызды тиімді өткізіп, бала-шағамызбен жақсы эмоция алдық, – деді отбасылық эстафетаның қатысушысы Серікбай Әлімханов.

Спорттық іс-шараға бірінші рет қатысып отырған Әбілмансұр Камаржанұлы да мұндай эстафетаға отбасымен қатысудың әсері бөлек екенін айтты.

– Саламатты өмір салтын қалыптастыратын мұндай спорттық жарыстардың көп болғанын құп-

таймын. Әсіресе, қыс мезгіліндегі спорттық ойындар ерекше қызықты болады. Біз де отбасымызбен мұндай жарысқа бірінші рет қатысып отырмыз. Бір команда болып, бір мақсатқа бірігіп, жеңіске ұмтылу – отбасылық бірлікті, өзара қарым-қатынасты нығайтуға, және көңілді демалуға басқаша әсер еткенін қуана-қуана айтқым келеді. Сондай-ақ біз жарыс барысында отбасымызбен экологиялық сауаттылық дегенін не екенін ұғына түстік десем болады, – деді ол.

Спорттық эстафета отбасылар арасындағы сайыс қана емес, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын жүзеге асыруға да үлесін қосқан шара болды. Жарыс барысында әр командаға қоқысты қайта өңдеу бойынша шеберлік сыныптары ұйымдастырылып,

онда қатысушылар қоқысты дұрыс жою тәсілдері мен қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын үйренді.

Астана қаласы әкімдігінің №7 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің бас жаттықтырушысы Ернар Омаров ойын барысында доптарды қоқыс шелекке жинаудың қандай артықшылықтары бар екеніне тоқталды. Оның айтуынша, бұл ойын шеберлік пен дәлдікті дамытатын ойын.

– Доптарды шелекке дәл тастау – бұл ойынның адам ойының қырағылығы мен қимылының ептілігін, шеберлігін дамытуға тигізер әсері көп. Сайыс барысындағы төрт түрлі ойынның өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан әр команда өзінің жіті қимылдары арқылы тамаша өнер көрсетті деп есептеймін, – деді ол.

Жалпы, адам денсаулығы үшін қай мезгіл болмасын табиғат аясында демалудың және таза ауамен еркін тыныстаудың маңызы зор. Астана қаласы әкімдігі спорттық жарыстар ұйымдастыру арқылы саламатты өмір салтын қалыптастырудың тамаша үлгісіне айналды десек артық айтпаймыз. Әсіресе, қала тұрғындарының қыс мезгілінде табиғатта серуендеуіне барынша қолайлы орта қалыптастырды десек болады. Мәселен, Астана маңында Аршалы ауданындағы «Бейбарыс» демалыс базасы, Ақкөл ауданындағы Arka tour шаңғы базасын, Shar Zhum демалыс орны секілді демалыс аймақтарын айтпағанда, қала ішінде шаңғы теуіп, шанамен сырғанап, сергіп, серпіліп қайтуға тұрарлық саябақ көп. Қыс мезгілінде аппақ мамыққа оранып, ертегі қалаға айналатын Астанада тұрғындар мен қонақтар үшін және балалардың көңілді демалысы үшін мұз айдындары, сырғанақтар, сүйкімді шағын архитектуралық мүсіндер, фотоаймақтар дайын-

далады. Қала әкімдігінің хабарлауынша, елордалық 6 ауданда қыс бойы жұмыс істеуге арналған 60-қа жуық мұз айдыны мен қар сырғанақтары ашылады.

Сондай-ақ астананың биылғы денешынықтыру-спорттық және сауықтыру іс-шараларының күнтізбелік жоспарына сәйкес, барлығы 816 спорттық іс-шара ұйымдастыру керек болса, бүгінгі күнге дейін жоспарға сәйкес 648 іс-шара ұйымдастырылыпты. Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Исламбек Баймановтың айтуынша, жоспар аясында қысқы маусымдық дәстүрлі спорттық ойындар тізбесі де қамтылған. Олар шаңғы тебуден фестивалін, шорт-тректен Қазақстан Республикасының кубогын, конькимен мәнерлеп сырғанаудан Астана қаласының ашық чемпионатын, конькимен жүгіру спортынан Қазақстан Республикасының ашық чемпионатын, шорт-тректен Астана қаласының ашық чемпионатын, жанажылдық кешкі мерекелік бұқаралық жүгіру және Astana run атты қысқы жүгіру жарысын, қысқы триатлон жарысын, дәстүрлі «Бұрқасын-2025» шаңғы фестивалін өткізу жоспары болып жалғаса береді.

– Елордада жыл сайынғы қысқы маусымның ашылуына мындаған қала тұрғыны мен қонақтары жиналады. Олардың қатарында мектеп оқушылары, студенттер, күш құрылымдарының қызметкерлері және қоғам өкілдері спорттық шараларға қатысып, өзара күш сынасады. Мұнда жеңіс басты мақсат емес, себебі шаңғы фестивалі – бұл отбасылық және корпоративтік демалыстың ерекше бір түрі, – дейді ол.

Исламбек Байманов айтқандай, биыл Астанада қысқы маусым шаңғы фестивалімен ашылды. Ал 8 желтоқсан күні елордадағы Триатлон саябағында әуесқойлардың қысқы жүгірісі өтіп, жарысқа қатысқан спортшылар 10 шақырым қашықтықты бағындырған болатын. Сондай-ақ Ата-түрк саябағында Байқоңыр ауданының ардагерлері бастап, барлығы 50-ге жуық адам қатысқан, ерекше спорт түрі – скандинавиялық жүрістің ұйымдастырылуынан-ақ астаналық қысқы спорт деңгейінің қандай екенін бағамдай беруге болады десек, артық айтқандық емес. Спорттық шараға қатысушы, Байқоңыр ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Намазшамов скандинавиялық жүрістің бұқаралық спортты дамытуға, саламатты өмір салтын насихаттауға қосар өзіндік үлесі бар.

– «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған шараның басты мақсаты – тұрғындарды түрлі қыстық спорт ойынына тарту. Ашық аспан астында ұйымдастырылған ерекше спорт түріне елордалық қариялар қатысып отырмыз. Ауданымыздың зейнеткерлеріне ешқандай ауа райы кедергі емес. Қариялар ерекше қуанышты. Таза ауада мұндай шараның өткені біздің денсаулығымызға да өте пайдалы. Тағы болса қатысуға дайынбыз. Ардагерлер атынан алғыс айтамыз, – деді ақсақал.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ





21 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Туризмді дамыту – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Ел экономикасының тұрақты өсімін қамтамасыз ету үшін бұл салаға ерекше назар аударылып келеді. Туризм инфрақұрылымын жақсарту, тарихи-мәдени мұраларды сақтау және халықаралық деңгейде танымал туристік нысандарды қалыптастыру – мемлекеттің стратегиялық мүддесінің бірі. Осы мақсатта Тәуелсіздік күні қарсаңында ішкі туризмді нығайтуға, көлік инфрақұрылымын жақсартуға және жолаушылардың жайлылығын арттыруға бағытталған жаңа туристік пойыз іске қосылды.

## А Кәмила ЕРКІН

Енді Астанадан Бурабай курортына дейін жаңа жүрдек электр пойызы тоқтаусыз жүреді. Еліміздегі іргелі ақпарат құралдарының қызметкерлері де жаңа пойыздың алғашқы жолаушыларының бірі болып Бурабайға жол тартқан еді. Саяхатшылардың сапарын ыңғайлы әрі жылдам ететін жүйрік пойыздың жол жүру уақыты 2 сағат 26 минут болса, жолақысы «Нұрлы жол» стансасынан 2 770 теңге және «Астана» стансасынан 2 548 теңгені құрады.



Бүгінде отандық машина жасау саласындағы инновациялық технологиялар туризмді дамытуда маңызды рөлге ие. Мысалы, Астанадан Бурабай курортына дейінгі жаңа электрлі пойыздың іске қосылуы – осының жарқын көрінісі. Бұл көлік түрі туристердің танымал демалыс аймағына тез әрі ыңғайлы жетуіне мүмкіндік береді. Заманауи пойыздар экологиялық таза және энергия үнемдейтін технологиялармен жабдықталған, бұл туризм инфрақұрылымының тұрақты дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар отандық машина жасау саласының мұндай жобаларға қатысуы Қазақстандағы өнеркәсіптік өндірісті қолдап, ішкі экономиканы нығайтады. Осылайша, инновациялық көлік жүйелері мен инфрақұрылымдық жобалар туризмді жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Атап айтар болсақ, КТЖ жолаушыларын тасымалдайтын «EPZD электр пойызы» – «Өнеркәсіпті дамыту қорының» қолдауымен іске асырылған «ЗИКСТО» отандық кәсіпорнының инновациялық әзірлемесі. Бұл – Қазақстандық машина жасау жетістіктерінің көрінісі, елдің технологиялық прогресінің символы.



# БУРАБАЙҒА ЖЕТУ ЖЕҢІЛДЕЙ ТҮСТІ

Экономиканың кез келген саласында отандық өндіріс өнімдерін қолданысқа енгізу – шығындарды едәуір қысқартудың, технологиялық тәуелсіздікті арттырудың бір мүмкіндігі. Осылайша, туризм де жергілікті экономиканың дамуына жанама үлес қосып, өзге салалардың қосарлана дамуына ықпал еді.

Сонымен қатар баспасөз өкілдеріне биыл ғана қайта жаңғыртудан өткен Бурабайдағы Мультимедиялық интерактивті кешеннің жұмысы таныстырылды. Бүгінде Қазақстандағы ең жоғары технологиялы музейлердің біріне айналған кешенде анимациялық және аудиовизуалды технологиялар арқылы әрбір келуші қазақ мәдениетінің бірегей атмосферасына еніп, еліміздің тарихы туралы көбірек біле алады. Медиаконтент тұрақты түрде жаңартылып, танымдық және ойын-сауық бағдарламаларымен толықтырылып оты-



рады. Бұл келушілерге еліміз туралы тың әрі қызықты мәліметтерді ашуға мүмкіндік береді.

Кешендегі басты жаңалықтардың бірі – «Куб 360» залы. Бұл зал Қазақстандағы алғашқы ерекше бейне көрсету технологиясымен жабдықталған. Бес проектор мен екі жанынан көрсетілетін экран 270 градусық шолау бұрышын қамтамасыз етіп, көрермендерге бейнефильмнің ішінде жүргендей әсер сыйлайды. МИК қызметкерлерінің сөзінше, маусым кезінде мұнда күніне орта есеппен 80 адам келеді. Бұл, әсіресе мектеп оқушылары үшін ұйымдастырылған экскурсиялар тарихи-мәдени мұрамен қызықты әрі қолжетімді түрде танысуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар БАҚ өкілдеріне «Бурабай» мемлекеттік ұлттық паркінің жұмысы таныстырылды. Қазір ұлттық паркке кіру

тәртібі де өзгеріп, жаңа тариф енгізілген. Мұның себебін парк өкілдері «Бурабай» ұлттық паркінің биосферасын сақтау, туристерге барынша қолайлы ахуал жасау үшін қолға алынып отыр деп түсіндірді. Сонымен қатар ұлттық парк аумағында және оған іргелес орналасқан жерлерде тұратын елді мекендердің халқына тиімді болу жағы да ескерілгенін атап өткен жөн.

Бұрын ұлттық парктерге келгені үшін алынатын төлемақы республикалық бюджетке түссе, Салық кодексіне өзгеріс енуіне байланысты енді ол қаражат ұлттық парктердің есебінде болады. Бурабай – еліміздегі халық ең көп келетін ұлттық парк. Биыл келген туристер саны 1 миллионнан асты, жыл санап бұл көрсеткіш өсіп келе жатыр. Әрине, туристер көп болған сайын жергілікті табиғатқа да үлкен салмақ түседі. Қоқыс көбейеді, топырақ эрозияға ұшырайды, тау-тастар бүлінеді. Өрт қаупі күшейеді. Жұмыс күшін көбейтуге тура келеді. Оның барлығы қосымша шығынды қажет етеді, – дейді «Бурабай» МҰТП директорының орынбасары Венера Нұғманова.

Қазір «Бурабай» паркіне кіретін тұстарда автоматтандырылған 5 өткізу-бақылау бекеті жұмыс істеп тұр. Төлемді Kaspi және Halyk Bank QR-кодтары арқылы жасауға болады. Сонымен қатар төлем терминалдары орналастыруда.

«Бурабай» ұлттық паркінің аумағында тұратын, сондай-ақ ұлттық паркпен іргелес елді мекендердің 26,5 мың халқына өту тегін. Ешқандай төлемақы алынбайды. Яғни, жергілікті халықтың мүддесі ескерілді. Туристердің келгені жақсы, әрине. Бірақ осы жерде өмір сүріп жатқан адамдардың жағдайын ойлау керек, – дейді Венера Нұғманова.

Спикер атап өткендей, «Бурабайда» экожүйені қорғауға бағытталған арнайы табиғат қорғау режимі бар. Орманды өрттен қорғау, жаңа көшет отырғызу, аң-құстар мен балықтарды қорғау, оларға қысқы азық-түлік әзірлеу, қоршаған ортаға мониторинг жүргізу, биоқалдықтарды тазалау сияқты жұмыстар жыл бойы жүреді. 2017 жылы енгізілген тариф 7 жылдан бері алғаш рет өзгертіліп отырғанын айта кеткен жөн.

Сондай-ақ Бурабай курортындағы қыстық маусымның ашылуына орай ұйымдастырылған баспасөз туры барысында қазақстандық Лапландияда өтетін туристерге арналған қызықты іс-шаралар таныстырылды: Шаман ауылы; иттер мен бұғылар шана-сымен сырғанау, атпен серуендеу; қардағы белсенді демалыстар және тағы басқалар.

## БАҚ ӨКІЛДЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Астана қаласында Тәуелсіздік күні қарсаңында ұйымдастырылған «Таза Қазақстан – Таза Астана» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Байқаудың басты мақсаты – БАҚ өкілдері мен блогерлер арасында өтті және экологиялық мәселелер мен қаланың тазалығын қамтамасыз ету тақырыбын қоғам назарында ұстап, журналистік еңбектерді ынталандыру.



«Байқауға 60-тан астам журналист пен блогер қатысып, 100-ден астам материал ұсынылды. Бұл – «Астана Тазалық» ұйымы өткізген бірінші байқау үшін тамаша көрсеткіш. «Таза Қазақстан» акциясын қолдау мақсатында көптеген материал жарияланды. Бұл – үлкен оқиға және біз мұндай байқауды жыл сайын дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлап отырмыз», – деді «Астана Тазалық» ЖШС директоры Замир Сағынов.

Байқау жеңімпаздары келесі номинациялар бойынша анықталды: «Үздік телевизиялық материал»:

I орын – Томирис Біләл, «24 KZ» телеарнасы;

II орын – Карима Садуақас, Qazaqstan телеарнасы;

III орын – Мөлдір Сыздықбаева, «Хабар» телеарнасы;

III орын – Ерланова Дильназ, «Астана» телеарнасы.

«Әлеуметтік желілердегі үздік жарияланым»:

I орын – Тимур Асылханов;

II орын – Назым Болесова;

III орын – Данияр Сейсенбаев;

III орын – Аршат Оразов.

«Баспа басылымындағы үздік мақала»:

I орын – Райхан Рахметова, «Астана ақшамы» газеті;

II орын – Кәмила Дүйсенова, Aiqyn газеті;

III орын – Шернияз Жалғасбекұлы, «Зан» газеті;

III орын – Бақытбек Қадыр, Egemen Qazaqstan газеті.

«Интернет-басылымындағы үздік жарияланым»:

I орын – Мақпал Орынбекқызы (бүркеншік аты: Жібек Есім), Baq.kz;

II орын – Сабина Кәкімжан, Elordainfo.kz;

III орын – Ләззат Салимова, Nur.kz.

Номинациялардан бөлек, «Астана Тазалық» ЖШС бас директорының атынан «Ең үздік креатив» үшін арнайы сыйлықтар да табысталды.



**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛТЫНСАЙҚЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Сағхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4536  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,